

Кеншілер
мәселесі –
билік
назарында



2

Арнайы
вакцина
әзірленеді



4

Кітап пен
оқырман
дәнекері



6



1931 жылдың 4 қазанынан
бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

№8 (23 184) 21 ҚАҢТАР, СЕНБІ 2023 ЖЫЛ

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

ҚОЛДАУ

Кәсіпкерге тегін кеңес

Қарағандылық кәсіпкерлер өздеріне қажет кеңесті енді тегін алады. Оны облыстық кәсіпкерлер палатасы базасында құрылған кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы жүзеге асырады.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Әр кәсіпкерге қаржылық көмектен бөлек, түрлі кеңес аса қажет. Енді биліктің заң көмегі, салық есебін тапсыру, бизнес-жоспар дайындауға көмек тегін көрсетіледі.

Орталықта төрт менеджер-кеңесші жұмыс істейді. Олар заң және конкурстық рәсімдер бойынша маман, есепші, маркетинг, қаржыландыру және мемлекеттік қолдау алу жөніндегі мамандар.

Орталық қызметіне аймақ кәсіпкерлері портал арқылы онлайн-режимде жүгіне алады.

Былтыр 1200-ден астам кәсіпкерге тегін қызмет көрсетілді. Оның ішінде, 520 клиент өз бизнесін ашты. Қалалар мен аудандардағы мұндай орталықта 11 мыңнан астам қызмет түрі ұсынылған, – дейді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНА!

Рухымыз асқақ болсын десек...

Әр елдің ғасырлар бойы қалыптасқан рухани дүниесі қоғамның жетілуі мен адамзаттың дамуының ең басты бағыттарының бірі. Рухани байлық адамның өмірін қоршаған орта, тіршілік аясымен тұтастыратын және оның мақсат-мүддесін игі істермен ұштастыратын басты құндылық.

Рухани байлық жеке адамның ішкі қажеттіліктерін қанағаттандырып қана қоймай, жалпы адамзатты үнемі игілік пен ізгілікке жетелейтін, гуманистік идеялардың қозғаушы күші.

3-бет

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Жаңа жоба жарылқайтын күн жақын

Қарағанды облысында «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында үлкен диаметрлі гофрленген құбырлар шығарылады. Қазақстанда мұндай өндіріс түрі бұған дейін болмаған. Кәсіпорын көктемде іске қосылады деп көзделуде. Одан бөлек, арнайы экономикалық аймақта геомембрана өндірісі өрісін кеңейтуде.

Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев экономикалық аймаққа арнайы ат басын бұрып, өндіріс кешенін дамыту жоспарымен танысты.

– Қазіргі уақытта Сарыарқа аумағында 22 қатысушы тіркелген. Тоғыз кәсіпорын жұмыс істейді, оның алтауы шетелдіктердің қатысуымен. 13 жоба – іске асыру сатысында. 760 жұмыс орны құрылды. Инвестиция көлемі 110,6 млрд. теңге. АЭА жұмыс істеген барлық уақытта 157 млрд. теңгеге өнім өндіріліп, жергілікті қазынаға 16 млрд.



теңге көлемінде салық түсті, – деп хабарлады «Сарыарқа» АЭА басқарушы компаниясының басқарма төрағасы Алнұр Баймүлдінов.

Өңір басшысына жұмыс істеп тұрған және ашылуға дайындалып жатқан зауыттар көрсетілді.

LITEYSHIK компаниясы гофрленген полимерлі құбырлар мен полиэтиленнен жасалған бұйымдар шығарады. Компания директоры Александр Ивановтың айтуынша, жаңа өндіріс 50 жұмыс орнын қамтамасыз етеді.

– Бізде жұмыс істеп тұрған өндіріс бар. Диаметрі 500 мм құбыр өнімдерін жасаймыз. Цехта диаметрі 1200 мм құбыр шығару үшін екі желіні іске қосамыз. Мұндай өндіріс Қазақстанда әлі жоқ, біз бірінші боламыз. Болашақта тағы бір цех салу-

БІЛІМ

Соңғы қоңырау 1 маусымда өтеді

Биылдан оқу жылының ұзартылуына байланысты мектептерде соңғы қоңырау 1 маусымда өтеді. Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігі Орта білім комитетінің төрағасы Гүлмира Кәрімова мәлімдеді.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қазақстанда оқу жылының ұзақтығы 36 апта. Дәстүр бойынша оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, биылдан 31 мамырда аяқталады,

– деді комитет төрағасы Гүлмира Кәрімова.

Оның айтуынша, 31 мамыр – оқу жылының соңғы күні. Бұл күні еліміздегі мектептерде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, Саяси қуғын-сүргін құр-

бандарын еске алу күніне арналған сыныптан тыс сағаттар өткізіледі. Сондықтан, 1 маусымда оқушылар Халықаралық балаларды қорғау күнімен қатар соңғы қоңырау мерекесін атап өтеді.

Еске сала кетейік, Мәжілістің жалпы отырысында депутат Аманжол Әлтай мектептердегі соңғы қоңырау күнін 30 мамырға немесе 1 маусымға ауыстыруды ұсынып, депутаттық сауал жолдаған еді. Оқу-ағарту министрлігі депутаттың үндеуіне осылай жауап берді.

МӘСЕЛЕ

Дриждің арманы

Қарағанды жұртына метанның не екенін түсіндіру артық. Жеті қат жер астындағы кеншіге метаннан қауіпті жау жоғы жақсы мәлім. Өйтсе де, жүздеген жанның өмірін жалмаған сол «дүшпанды» дегенімізге көндірсек, бір оқтың екі емес, үш қоянды қағып түсіргені. Біріншіден, ауаға зиян азаяды. Екіншіден, арзан энергияның тізгіні қолға тиеді. Және ең бастысы – шахтер өміріне ұдайы төніп тұрған қауіптің бұлтты сәл сейіледі...

Жел тынса, тұншығатын кеншілер қаласы көгілдір отынға мұқтаж. Қойны-қонышына метан тұнған Қарағанды ол мұқтаж-ды алыстан арбамай-ақ қойса да болар еді. Мұны көзі тірісінде ғалым Николай Дрижді те айтты. Тіпті, күнделікті тұрмыста метанды жағатын күнді көруді де армандапты. «Шәйнегімді метанға қайнатып, шөкем шылқып отырып шәй ішсем» депті жарықтық...

Нұрканат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ЖАЛҒЫЗ ГЕНЕРАТОР
ТОҚТАП ТҮР

Түсініп алайық, көмір бар жерде метан газы міндетті түрде болады. Көмір қабаттарында «тығылып жатады». Қайладан ұшқан ұшқын жеткілікті, лап етіп тұтанып, көмір

тозаңына от береді. «Ең сорақысы – көмір тозаңының өртенгені. Тозақ қороланған сайын жарылыс та қауатты болады», – деп еді екі жыл бұрын «Қазақстан» шахтасына түскенде учаске бастығы Ринат Гафаров. Метанның иісі, түсі, дәмі жоқ. Адам сезбейді.



3-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: •EUR/KZT 501.04 •USD/KZT 462.77 •RUB/KZT 6.73 •CNY/KZT 68.22

Қазақстан Ұлттық Банкінің 20 қаңтар, 2023 жылғы дерегі бойынша



● ТАҒАЙЫНДАУ

Ақтоғай ауданында – жаңа әкім

Ақтоғай ауданына жаңа әкім тағайындалды. Бұл лауазымға ҚР Президенті Әкімшілігінің және аудандық мәслихат депутаттарының келісімі бойынша Руслан Кенжебековтің кандидатурасы лайық деп танылды.



Өңір басшысының орынбасары Бауыржан Асанов аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессиясына қатысып, жаңа әкімнің кандидатурасын ұсынды. Депутаттар оны мақұлдады.

– Руслан Айтыкенұлының мемлекеттік қызметте үлкен тәжірибесі бар. Жинақталған тәжірибесі мен білімінің арқасында ол Мемлекет басшысының алға қойған міндеттеріне сәйкес жұмысты ұйымдастыра алады, – деді Бауыржан Асанов.

Руслан Кенжебеков – Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылының тумасы. 1978 жылы туған.

2002 жылдан мемлекеттік қызметте. Әр жылдары Абай ауданы әкімі аппаратының ішкі саясат бөлімінің спорт бойынша бас маманы, Қарағанды облысы Әділет департаментінің ұйымдастыру-бақылау және кадр жұмысы бөлімінің басшысы, Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі комитеті Ішкі әкімшілендіру басқармасының бас сарапшысы, Теміртау қаласы Әділет басқармасы басшысының орынбасары, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Алматы облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы, ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігінің Қарағанды облысы бойынша монополияға қарсы инспекциясының басшысы, Ұлттық экономика министрлігінің Адами ресурстармен жұмыс департаментінің директоры, ҚР Премьер-Министрі кеңсесінде бас кеңесші, Ақмола облысы әкімінің кеңесшісі болды.

Өткен жылдың тамызынан осы уақытқа дейін ҚР Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөлімінің кеңесшісі қызметін атқарды.

Ауданның бұрынғы әкімі Салтанат Әбеуова жаңа жұмысқа ауысуына байланысты қызметінен босатылды.

Өз тілшімізден

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу туралы

2023 жылдың 16 қаңтары мен 15 ақпан аралығында бизнеске жер учаскелерін бөлу саласы және олардың қолжетімділігі, сондай-ақ бизнес объектілеріне инфрақұрылымды жеткізу жөніндегі мәселелерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізіледі.

Аталмыш салада проблемалы мәселелерге қатысты сұрақтар мен нақты фактілер туындаған жағдайда Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 12, мекенжайы бойынша орналасқан «ANTIKOR ORTALYGY» сыбайлас жемқорлыққа қарсы орталығына келуге немесе байланыс телефондары арқылы хабарласуға болады 91-37-04, 91-36-12.

Кеншілер мәселесі – билік назарында

Тыныс-тіршілігі көмірмен байланысты аймақ үшін кеншілердің мұн-мұқтажы бейжай қарайтын мәселе емес. Осы орайда, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев кеншілермен кездесіп тұруды жақсы үрдіске айналдырды.



Сағыншы ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы ұжымдардың мәселелері жөніндегі келісім комиссиясының кезекті отырысына қатысты. «АрселорМиттал Теміртау» АҚ көмір департаменті шахталарының әлеуетін дамыту мәселесі кеңінен талқыланды.

– Келісім комиссиясы тұрақты негізде жұмыс істейді. Соның нәтижесінде кеншілер ұжымдарын толғандыратын мәселелердің көпшілігі оң шешімін тапты. Бұл біздің кәсіпорындардың тұрақты жұмысына ықпал етеді. Бірақ, біз жауабын күтіп жүрген бірқатар жүйелі сұрақтар қалып отыр, – деп атап өтті «Қорғау» көмір өндірушілер кәсіподағының төрағасы Евгений Буслаев.



Кеңесте қаралған басты мәселе – кеншілердің зейнет жасын шегеру. Осы ұсыныс пен өзге де мәселелерді айту үшін Еңбек және

әлеуметтік қорғау министрімен кездескісі келетіндіктерін жеткізді.

Жалпы, кеншілердің зейне-

мен салық жүйесіндегі, сондай-ақ, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіндегі өзгерістерге қатысты өте күрделі мәселе екенін атап өткім



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Сонымен қатар, компания өкілдері инвестициялық жобалар мен жабдықтарды жаңарту жоспарларымен де бөлісті. Бұл бастамалар алдағы уақытта әр шахтаға ұсынылуы керектігі айтылды.

– Осы жерде айтылған ақпарат қолжетімді болуы керек. Презентацияларды кәсіпорындарға орналастырыңыздар, кездесулер өткізіңіздер. Кеншілер өз шахталарының болашағын көруі тиіс, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Жиында қызметкерлерді сауықтыру мәселесі де көтерілді. Қазір «Шахтер» демалыс үйі мен «Жартас» шипажайы жөндеуге жабылған. Дегенмен, бұған қарамастан кеншілерге еліміздегі өзге де шипажайларға жолдама ала алатындығын жеткізді компания басшылары.

● КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Балқаштың балығы брендке айналады

Балқаш көлінің жағасында қоныстанғандар үшін балық шаруашылығы ата кәсіпке айналған. Нәпақасын көл табанынан сүзіп, су маржанымен мақтанатын Ақтоғай ауданының бірнеше елді мекені бар. Соның бірі – Тораңғалық ауылы. Осы ауылдың тұрғыны, кәсіпкер Төлеу Қадыржан өз ісін дамытып, табысты балық бренді құруды армандайды. Ол өз мақсатына «Бизнес-көшбасшылық» өңірлік кәсіпкер әйелдер марафонында жеңіске жетудің арқасында бір қадам жақындаған көрінеді.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»



28 жастағы кәсіпкер бизнес ашу туралы колледжде оқып жүргенде жоспарлаған. 2013 жылы Қарағанды облысында жас кәсіпкерлерге арналған бизнес-инкубаторлардың білім беру бастамашыларының бірі болған. Бірнеше рет өзінің бизнес-жобаларымен грант конкурстарына қатысып бағын сынаған.

– Шағын бизнесімізді 2018 жылы жұбайым Дарынмен бірге бастадық. «Бастау Бизнес» бағдарламасы бойынша курстарды бітіріп, Балқаш көлінің жағасындағы шағын дәмхананы жалға алдық. «Кәсіпкер» мемле-

кеттік бағдарламасы бойынша мұздатқыш жабдықтар мен «Газель» автокөлігін сатып алдық, – дейді Төлеу Қадыржан.

Қадыржандар отбасы балық өнімдерін қайта өңдеп, сақтауды ойластырған. Айналым қаражатының жетіспеуіне байланысты жобаны жабуға тура келген. Шамалы пайда әкелетін дәмханасы ғана қалған. Сонымен, өз кәсіптерінен сабақ алып, кәсіпкер әрі қарай қадам басуға бел бұған. 2020 жылы ол «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша Қарағанды облысы әкімдігінің грантын жеңіп алды. Кейтеринг пен

азық-түлік жеткізу қызметін ашуға және арнайы көлігін алуға 5 млн. теңге жеткілікті болған көрінеді.

Бүгінде «Жылжымалы ас үй» жобасы Балқаш жағалауында жазғы уақытта ғана жұмыс істейді. Бірақ, үш айдан кейін тамақтандырудан бас тартқан. Себебі, тамақтанушылар азайып кеткен. Бұл қызметтің орнына пицца мен «Chef Balkhash» орамдарын жеткізу қызметін ашқан. Қазір шағын цехта Төлеудің туыстарымен бірге үш жалдамалы жұмысшы еңбек етіп жүр екен.

– Біздің азық-түлік жүк көлігіміз танымал. Жазда Балқаш көліне Қазақстаннан ғана емес, жақын шетелден де көптеген туристер келеді. Адамдар біздің балық тағамдарымызды мақтайды. Сондықтан, тоңазытқыш жабдықтарын сатып алу туралы шешім қабылдадық. Және ақша қосып өткен жылы жағалаудағы ғимаратты сатып алдық. Барлық инженерлік желілерді жөндеп, қалпына келтіру қажет. Болашақта біз «NE Dubai» кафесін ашқымыз келеді, – дейді кәсіпкер.

Айта кетейік, жақинда өткен «Бизнес-көшбасшылық» өңірлік марафонында қарағандылық кәсіпкердің жеңісі болашақтағы нақты жоспарын бекітуге септігі тиген. Төлеу Қадыржан Орталық Азияның 6800 қатысушысы арасында топ-3-ке кіріп, 5 млн. теңге көлемінде грант алған. Ол жеңіп алған қаражатын бизнесті дамытуға жұмсамақшы. Оның ішінде, жергілікті балықты танымал етіп, көпшілікке әйгілемекші. Алматыда, Астанада және Қарағандыда жылжымалы ас үй көліктерін орнатуды армандайтын кәсіпкер ең бастысы балқаштық балықты бренд ретінде қалыптастыруды жоспарлап отыр.

Ақтоғай ауданы

● Өңірлерді дамыту

Жүйелі жобалар жүзеге асуда

Бұқар жырау ауданында республикалық «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясындағы жұмыстар жүйелі жүзеге асып, жандануда. Бұл туралы аудан әкімі Нұркен Қобжанов өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте баяндады. Өз сөзінде әкім әуелі тұрғын үй құрылысының барысына тоқталды.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Атап айтқанда, биыл Ботақара кентінде екі қабатты алты үй салынып бітіп, 72 отбасына жалға беріледі екен. Ғабиден Мұстафин атындағы кентте де 24 пәтерлік осындай үйдің құрылысы басталмақ. Сонымен бірге онда бес пәтерді қалпына келтіру мен қайталама нарықтан тағы да 10 пәтер сатып алу жоспарланған. Доскей кентінде бос тұрған бес қабатты үш үйді күрделі жөндеу үшін жобалық-сметалық құжат әзірленіп, ондағы 90 пәтерді жаңғырту көзделіп отыр.

Келесі кезекте аудан әкімі аудандағы елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету туралы сөз қозғады. Бүгінде аудан халқының 98 пайызы тұратын 58 ауылға орталықтандырылған су жүйесі тартылыпты. Биыл Қушоқы кентіндегі су құбыры желілерін қайта жаңарту, Ақжар ауылында жаңа су желілерін тарту ісі жалғасады. Доскей, Трудовое ауылдарын қайта жаңарту да өріс алады. Өткен жылы аудандық бюджет есебінен Суықсу, Төрткөл, Семізбұғы, Үлгі ауылдарына таза ауыз су тартылды. Бұл жобалардың іске асуы 56 мың тұрғыны бар аудан елді мекендерінің 98,9 пайызын са-

палы сумен қамтуға мүмкіндік береді.

Бұдан кейін аудандағы жолдардың жағдайы сөз болды. Мәселен, биыл 15 елді мекендегі 50 шақырым жол жөнделеді. Республикалық бюджет есебінен Сарыарқа және Красная Нива ауылдарына кіреберіс жол жөнделеді. Сол сияқты 7 елді мекеннің ауыл ішіндегі жолын жөндеу де қарастырылған. Нәтижесінде аудандағы жолдардың 70 пайызы сапалы болады деп күтілуде.

Биыл Ботақара кентіндегі «Балдәурен» балабақшасы мен Доскей орта мектебінің ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу де жоспарда бар. Сондай-ақ, облыстық бюджет есебінен Новостройка ауылында 150 орындық мектеп құрылысын аяқтау көзделген. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде Доскей, Үштөбе ауылдары мен Нұра станциясында 300 орындық үш мектептің құрылысы басталады Қушоқы, Тұзды ауылдарының клубтарына күрделі жөндеу жүргізіліп, Жаңаталап ауылында жаңа Мәдениет үйі бой көтереді.

Бұқар жырау ауданы

● КӘСІПкерлік қырлары

Субсидиялауға онлайн өтінім

2023 жылғы 1 ақпаннан фермерлерден субсидиялауға өтініштер қабылдау басталады. Өтінімді gosagro.kz веб-порталында беруге болады. АӨК субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесі фермерлер үшін балама ретінде әзірленді. Жүйе толығымен автоматтандырылған және ақысыз негізде қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Субсидиялаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі бюджеттің бо-

луына қарамастан өтінімге реттік нөмір бере отырып, «күту парағы»

қағидаты бойынша жұмыс істейді. Бюджет фермерлердің араласуынсыз «күту парағында» өтінімдердің кезегі бойынша ғана бөлінетін болады. Бұл тәсіл қаражатты бөлудің ашықтығын қамтамасыз етеді және субсидияларды төлеу кезінде адами факторды болдырмайды. «Күту парағына» келіп түскен өтінім мақұлданған болып есептеледі.

Субсидиялау жөніндегі қызметтерді техникалық пысықтау өтінім берілген сәттен бастап субсидия төленгенге дейін аяқталады.

GOSAGRO.KZ
ПОРТАЛЫНДА
СУБСИДИЯЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ
ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ӨТІНІМДЕР
2023 ЖЫЛДЫҢ 1 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ҚАБЫЛДАНАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Халық мұрасы ретінде рухани асыл қазыналар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, сабақтасады. Халқы үшін еңбек еткен адамдардың өмірі де, ұлт қалыптастырған мәдени жәдігерлер де – адам баласына қажетті рухани байлық.

Сарыарқа ежелден даңқы шыққан шежірелі өлке. Бұл өңір еліміздің материалдық байлығының көзі ғана емес, сонымен қатар өнердің, мәдениеттің және тарихтың кеніші.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысының жұртшылығымен кездесуінде: «Қарағанды табиғи байлығымен қазыналы деп аталмағаны анық. Сарыарқаның дәл жүрегінде орналасқан аймақтың тарихи, рухани қазынасы да орасан зор. Талай тарихи оқиғаның куәсі болған шежірелі аймақтан қазақтың көптеген біртуар тұлғалары шыққан. Қарағанды – Әлихан Бөкейхан, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков сияқты Алаш арыстары дүниеге келген қасиетті жер. Сондай-ақ, Тәттімбет күйі толғап, Мәди ән салған қазақ өнерінің киелі бесігі. Сәкен Сейфуллин, Ғабиден Мұстафин, Қасым Аманжолов сынды әдебиетіміздің алыптары да осы қастерлі топырақтан шыққан. Облыс аумағында тамаша табиғатымен көз тартатын жерлер көп. Қарқаралы мен Шайтанкөл, Бектау ата және Бұғылы-Тағылы таулары қашанда қазақтың құтты мекені саналған. Жерінің үсті мәдени жәдігерге, асты қазба байлыққа толы өлкенің еліміз үшін айрықша орны бар», – деп айтқан болатын.

Ата-бабамыз қалдырып кеткен осы орасан мәдени құндылықтарды келешек ұрпақтың игілігіне айналдыру, оларды жан-жақты насихаттау әрі қоғамның дамуында дұрыс пайдалану тұрғысында қордаланып қалған мәселелер жеткілікті. Әсіресе, ол облысымыздағы мәдениет пен өнер саласында жиі кездеседі. Солардың біркатарына тоқталуды жөн санадым.

Бірінші мәселе. Тәттімбет атындағы өнер колледжінің құрылғанына былтыр 70 жыл толды. Откенге көз жүгіртіп қарасақ Тәттімбет өнер ордасынан белгілі композитор, КСРО Халық әртісі Александр Пахмутова, бұрынғы мәдениет министрі Дүйсен Қасейінов, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Жеміла Баспакова сынды т.б. өнер-мәдениет майталмандары түлеп ұшты.

Көшпеген ғимараты, тоздырмаған табалдырығы жоқ өнер колледжінің іргесі 1952 жылы қаланған. Бай тәжірибесі мен қалыптасқан дәстүрі бар аталмыш колледж – кеншілер қаласының кәсіби өнер мамандарын оқытатын жалғыз оқу орны. Күні бүгінге дейін облыстың мәде-

ниет және білім мекемелеріне кәсіби мамандарды даярлап келеді.

Аталған өнер ордасы сол кездегі аймақ басшылығының шешімімен облыстық сотқа берілді, бұл шешімнің қате екенін уақыт көрсетті. Бұқар жырау даңғылының бойында орналасқан кең сарайдай

үшін басқа қалаларға кетуге мәжбүр.

Сондықтан да, Бөкетов университеті келесі оқу жылында ғылыми-педагогикалық, кәсіби тәжірибеге негізделген қызметті жүзеге асыру үшін іргелі және қолданбалы білімі, зерттеу дағдылары бар жоғары білікті, бәсекеге қабілетті педагогті даяр-



керемет ғимаратынан айырылған колледж сол кездегі Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Гоголь көшесіндегі оқу ғимаратына, одан кейін Фармацевтика институты мен қан орталығы болған ғимараттарына қоныс аударды.

Табан тоздырған тоқтаусыз қоныс аудару мәселесі осыдан бес жыл бұрын шешімін тапқандай болды. Сол кезде Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісінің депутаты деген мандатымды пайдаланып, бұл мәселені депутаттық сауал арқылы биік мінберлерде көтеріп, колледждің ұжымы мен өнерлі жастардың жан айкайын билікке жеткіздім. Сол кезеңдегі шешім бойынша Сәбит Мұқанов көшесінде орналасқан Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің оқу корпусы берілді.

Ол уақытта Бөкетов университетінде тоғыз мыңдай студент білім алса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 14 мыңға жетті. Университеттің қазіргі контингентін дәрісханалармен қамту үшін колледжге берілген ғимараттың қажет екені жасырын емес.

Қазіргі таңда университет Тәттімбет атындағы өнер колледжімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс атқарады. Алайда, Тәттімбет өнер колледжін бітірген түлектер мамандықтары бойынша жоғары білім алу

лау мақсатында жаңа мамандықтар ашу жөнінде Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне ұсыныс берді. Олар: қосымша білім беру педагогі (білім беру ұйымдары жанындағы секциялар мен үйірмелердің педагогі), педагог-ұйымдастырушы, қосымша білім беру ұйымының/оқу-әдістемелік орталықтың әдіскері, жаттықтырушы, тьютор, репетитор, фасилитатор, аниматор, арт-менеджер, мәдени ұйымдастырушы (білім беру ұйымдарында), педагог-кәсіптік бағдар беруші.

Тәттімбет өнер колледжіне «Жоғарғы колледж» немесе «Өнер академиясы» деген атақ берілсе және заманауи концерттік залы бар ғимарат салынса, мәртебесі артар еді.

Екінші мәселе. Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестігі қалалық цирктегі андармен қонсы қонып отыр. Осы дәйектемелердің өзі-ақ Қарағандыдағы мәдениет саласының кенжелеп қалғанының айқын көрінісі.

Облысқа келген Қазақстан мен жақын және алыс шетел жұлдыздарының концерттері сыйымдылығы жағынан ең үлкен Цирк ғимаратында өтуі ұят екені айтпасада түсінікті. Үлкен концерттік зал салынып, оның ғимаратына Қарағанды облысының филармониясы орналасса құба-құп

болар еді. Қаламыздағы Кеншілер мәдениет сарайының сыйымдылығы небәрі 700 орын. Бұл ғимаратта облыстық Мәдениет басқармасының отыруы мәдени ошақтың шығармашылық процесін тежейтінін айтпаса да ұғынықты.

«Мәдениеттің мәйегі – кітап»

келмейді. Осыған орай, Қарағанды облысында жаңа үлгідегі заманауи кітапхана ғимаратын салу өте маңызды. Жаңа кітапхана ғимараты барлық заманауи талаптарға сай бола отырып, көпсалалы зияткерлік орталық ретінде қызмет көрсетіп, көрме және оқу залдарымен, лингафондық және дәріс кабинеттерімен, интернет-аудиториялармен, құжаттарды қалпына келтіретін шеберханалармен, арнайы жастар мен балалар бөлімдерімен жасақталуы тиіс. Осылардың арқасында оқырмандарға жайлы жағдай жасауға мүмкіндік болар еді. Бұл ғимарат «Ғылым ғибадатханасы» деп аталса құба-құп.

ЮНЕСКО-ның заманауи кітапханаларының дамуы туралы тұжырымдамасына сәйкес әр 10 жыл сайын кітапхана қорлары 10-20%-ға өсіп отырады.

Бұқар жырау ауданының орталық кітапханасы екі бөлек ғимаратта орналасқан, бұл жағдай негізгі құрылымдардың жұмысының үйлесімділігін қиындатады.

Абай, Шет аудандары мен Саран қаласының орталық кітапханаларының қорлары мен бөлімдері аумағы өте тар ғимараттарда орналасқан. Бос орындардың жоқтығы жаңа шығармашылық алаңдарды ашуға бөгет болады.

Абай атындағы балалар мен Мұхтар Әуезов атындағы қалалық кітапханалары тұрғын үйлердің бірінші қабатында орналасқан.

Кітапхана қорының өсу қарқынын және кітапхананың облыстағы ірі әлеуметтік-мәдени мекемесі ретіндегі ролін ескере отырып, архитектуралық әрі кітапханалық стандарттарға сай жаңа кітапхана ғимаратын жобалау және салу мәселесін шешу қажет.

Ең бастысы, жаңа үлгідегі заманауи кітапхана облыс пен қаланың зияткерлік және мәдени ортасын қалыптастыратын көпсалалы орталығы болып, Қарағанды облысының мәдени әлеуетінің көтерілуіне оң әсерін тигізері сөзсіз.

Төртінші мәселе Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайы бойынша. Қарағанды облысындағы жалғыз көркемсурет мұражайы 1988 жылы ашылды. Бұл мұражайда 10 мыңға жуық коллекция жиналған. Мұражайдың Алтын қорында 40-тан астам еңбек сіңірген өнер қайраткерлерінің және Қазақстан мен ТМД елдерінің, 30 Халық суретшілерінің туындылары бар. Олардың қатарын қарағандылық шеберлер сыйға тартқан туындылар толықтырып тұр. Сондай-ақ, Қазақ КСР еңбек сіңірген өнер қайраткерлері М.Әбілқасов, В.Крылов, суретшілер П.Антоненко,

П.Реченский, Р. Есиркеев, В.Шамшин, П.Андрейкодің туындылары бар.

Осы құнды дүниелерді келер ұрпаққа жеткізу басты мақсат болып қалуы керек. Бірақ, бұл мақсатқа жету қиынға соғып тұр. Бұл мекеметұрғын үйдің бірінші қабатында орналасқандықтан, су басып қалу қаупі күшейіп, құнды дүниелерге өз зардабын тигізуі әбден мүмкін. Демек, облыстағы жалғыз бейнелеу өнері мұражайына да жеке ғимарат керек.

Бесінші мәселе архивке қатысты. Архивтен елдің дамуына қатысты мол тарихи мәлімет алуға болады. Бірақ аталған деректердің қауіпсіздігі, уақыт өте келе тозып, жарамсыз күйге түспеуі үнемі күтім, желдету, қажетті температураны сақтау, өрт қауіпсіздігі сияқты шаралар қажет.

Архивтердегі құжаттарға сараптама жүргізіп, оларды ғылыми айналымға енгізу бойынша нақты қадамдар жасалуы тиіс. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен 2020 жылы Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия солақай саясаттан жапа шеккен қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіруге тиіс. Бұл – мемлекеттің ғана міндеті емес, бүкіл қоғамның парызы» деген болатын. Ал, бұл комиссияның толыққанды жұмыс істеуі үшін аталған архив құжаттарының маман-зерттеушілер үшін ашық болғаны жөн.

Қарағанды облысының архив мекемесіне жаңа ғимарат керек. Жаңа ғимаратта ғалымдар ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуға мүмкіндік беретін жағдай жасалуы қажет. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсақ, кеншілер астанасының рухани саласындағы кейбір түйткілді мәселелерді жіпке тіздік. Асылы, бұл проблемалардың шешім табуына жалғыз облыс басшылығы ғана емес, жалпы қоғам, оның ішінде белді компаниялар мен белгілі кәсіпкерлер және бәсеңді азаматтар да аса мүдделі болуы керек деп санаймын. Бизнесіңіз әлеуметтік жауапкершілігі де дәл осындай жауапты кезеңде бой көрсетуі керек. «Жұмыла көтерсе, жүк жеңіл» деп қазақ тегін айтпаған.

Нұрлан ДҰЛАТБЕКОВ,
Ұлттық құрылтайдың мүшесі,
ҰҒА корреспондент-мүшесі,
заң ғылымдарының докторы,
профессор

(Соңы.Басы 1-бетте)

КСРО Мемлекеттік сыйлығын екі мәрте иеленген Николай Дрижд метанды зерттеуде ауқымды шаруаның басын қайырды. Тәжірибелі шахтер Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде метан энергиясы зертханасын құрып, теория мен практиканы ұштастырды. Геологиялықбарлау жұмыстарына атсалысты. Бірқатар ұңғыманың іске қосылуына мұрындық болды.

«Қарағанды көмір бассейні – әлемдегі метаны мол бассейндердің қатарында. Табиғи газдың тазалық мөлшері 60 пайызға жуықтаса, метан тазалығы 99,3 пайызға тең. Ал, біз сонау Маңғыстаудан газ тартып әуреміз. Әрине, көмір қабатындағы газды игерудің де машақаты аз емес. Десе де, батыстан құбыр тартудың шығыны осы өндірісті қолға алуға жетпесе, әлдеқайда ұтымды болмас еді?! Бұл жұмыстар Кеңес тұсында азды-көпті атқарылды. Қырық жыл бұрын Қарағанды шахталарындағы қазандықтарда пайдаланылды. Кейін бұл жұмыс жайына қалды. Енді, қайта қалпына келтіру оңай емес. Үкімет деңгейінде қолдау қажет. Қолдау тапса, қаржылық пайдасымен қатар, шахтерлер өлімін азайтуға да септігін тигізер еді», – деді бір сұхбатында ғалым.

Ел билігі «жасыл экономикаға» бет бұрған жылдары метанға көңіл бөліне бастады. 2011 жылдың соңында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-на қарасты Ленин атындағы шахтада газ генераторы іске қосылды. Облыс пен компания басшылығы қатысқан салтанатты рәсімде генератордың жобалық

Дриждің арманы

қуаты 1,44 МВт екені айтылды.

Компанияның баспасөз қызметінің мәліметінше, алынған электр энергиясы кәсіпорын қажетіне жаратылды. Шахтаның электр шығынының 10 пайызын жауып тұрды. Дегенмен, 2021 жылдың наурызында істен шыққан генератор қазір тоқтап тұр. 2015 жылы бір поршенін күтіп, тоғыз ай шетелге қарап отырғаны барды. Компания сол мехнатынан қашқандай...

Метан қоры мол

Кез келген жұмыстың басында экономикалық тиімділігі ескерілері анық. «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының есебіне сүйенсек, 1 тонна көмір 510 текше метр метанның жылу энергиясын береді. Компанияның барлығы дерлік орталықтарында тұрған КВТС-10 қазандығына бір тәулікке 50 тонна көмір қажет. Егер, жер астынан тегін көтеріліп тұрған метанды тұтынса, жылына бір қазандық 18 мың тонна көмір үнемдейді. Тек, метанның концентрациясы 30 пайыздан кем түспеуі тиіс.

Экологиялық тиімділігіне келсек, 1 тонна көмір жанғанда 35 келі шаң, 4 келі күкірт оксиді, 9 келі көміртегі және 1,5 келі азот ауаға ұшады. Бұл, әрине, түтін тазалау қондырғылары дұрыс жұмыс істеп тұрса. Ал, метан жанған уақытта тек су мен көмірқышқыл газы бөлінеді.

АҚШ Газ технологиялары институтының болжамынша, Қа-

рағанды көмір бассейніндегі метан қорының көлемі 500 млрд. текше метрден 3 трлн. текше метрге дейін жетеді. Ал, жергілікті ғалымдар басқаша мәліметтер ұсынады. Және бұл қор Қарағанды облысы үшін жеткілікті десе де, өндіру технологиясы күрделі екен.

– Қарағанды бассейніндегі метанның болжамды ресурстары 850 млрд. текше метрден 1 трлн. текше метрге дейін жетеді. Облысты қамтамасыз ету үшін жеткілікті метан қоры бар. Дегенмен, барлық мәселе газдың көмірмен байланысқан күйде болуында. Ал, көмір қабаттарының өткізгіштігі өте төмен. Тік ұңғымалар (гидравликалық жарылуы бар) Қарағанды бассейні жағдайында тұрақты тауарлық метан ағынын қамтамасыз етпейді, – дейді ҚартУ проректоры Өсет Ракишев.

Шерубай-Нұра аумағын мысал еткен проректордың айтуынша, мұнда тік ұңғыма технологиясы шығынды ақтамайды. Бұл жерде басқа формадағы ұңғымалар жемісін беруі тиіс.

Көмір департаменті шахталарынан метанды шығару көлемі			
Жыл	Жылдық жалпы көлемі, млн.м ³	Желдету әдістерімен шығарылған көлемі, млн.м ³	Дегазация әдістерімен шығарылған көлемі, млн.м ³
2020	282,1	216,2	65,9
2021	368,9	254,4	114,5
2022	270,16	194,61	75,55

1 текше метр метан газы 50,03 МДж немесе 13,8 кВт энергия береді



Облыстың өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасының ақпаратына сүйенсек, Шерубай-Нұрада бұған дейін «Сарыарқа «ӨКК» АҚ «ҚазТрансГаз» АҚ-мен бірлескен жобаны қолға алды. 2014 жылы 3 жыл мерзімге барлау жұмыстарын жүргізуге келісімшарт жасаған-ды. Алайда, әлемдегі мұнай бағасы төмендеуінен нарықтағы жағдай қиындап, «ҚазТрансГаз»

жобаны белгісіз уақытқа дейін шегеріп қойды.

Газ өндірісін тау-кен жұмыстары жүргізілмеген жерлерде қолға алған ұтымды. Топырақ түртілмеген соң метанның да мұрты бұзылмай жатады. Көмір департаментінің мәліметінше, «Саранская Глубокая», «Тентек-10» учаскелері – метан өндіруді қолға қою үшін таптырмас орын. Алайда, компания аталған телімдерден көмір қазған пайдалы деп тапса, метанның желге ұшқаны.

Жақын да болса алыс метан

Қазір «АрселорМиттал Теміртау» метанды ішінара қалғега жаратып отыр. Мәселен, Ленин және Абай шахталарындағы қазандықтар газдың күшімен жұмыс істеп тұр. Келешекке құрылған жоспар да баршылық.

Көмір департаменті метанды қолдану бойынша 2030 жылға дейінгі бағдарламаны әзірледі. Бағдар-

лама 10-12 газ генераторының жұмысын жолға қоюды көздейді. Жалпы қуаты 15 МВт-ты еңсермек. Үш нүктеге қондырғы қойылады. Яғни, алғашқысы – Күзембаев, Саран, екіншісі – Абай, тағы бірі – Қазақстан, Ленин және Тентек шахталары аумағында тұруы мүмкін. Сондай-ақ, биылдан бастап Тентек шахтасындағы Д6 және Т1 шахталарындағы газды азайту үшін ұңғымалар қойылмақ.

Кейінгі тымық күндер Қарағандыда газдандыру мәселесінің өткір тұрғанын кезекті мәрте көзге шұқып көрсетті. Тура мағынасында. Түтіннен керілген перделен таяқ тастам жердегіні көруден қалдық. Облыста газдандыру бағытында ауқымды шаруа қолға алынғанын білеміз. Дегенмен, осы шаруаның құлағынан ұстап, басы-қасында жүруге міндетті облыстың өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасының сылбыр қимылына қарап, кейіге күдіктің ұялағаны рас: «алысқа ұзай аламыз ба?». 22 желтоқсанда жазған хатымызға арада бір ай өте әрең үн қатты. Мемлекеттік тілдегі сауалымызға кеше, яғни, бет қатталып жатқанда қазақша-орысша араласқан жауап түскеніне шүкір дедік. Аталған басқарманың мәліметінше, былтыр көмір департаменті шахталардан 270,16 млн. текше метр метан шығарыпты. Оның 194,61 млн. текше метрі – қомақты бөлігі атмосфераға кеткен.

Жоғарыда айтқан әңгімеміз – тек, өндірістік мақсаттағы газды өндіру мәселесі. Дені – жоспар, жоба, қағаз бетінде тұр. Жақын да болса алыс метан. Ал, шетелдіктер өндірісті былай қойғанда, көлікке де метан құйып алған қазір.

Дрижд армандаған күннің ауылы – әлі туу сонау алыста...

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

XXIII сессиясының ШЕШІМІ

2023 ж. 16 қаңтар

№305

Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының округтік сайлау комиссиялары

мүшелерін сайлау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 10-бабына сәйкес, «Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі аумақтық сайлау округтерін құру туралы» Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 67 шешімі, Уақытша комиссия отырысының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы хаттамасы негізінде Қарағанды облыстық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қарағанды облыстық мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі 15 округтік

сайлау комиссияларының мүшелері осы шешімге 1 қосымшаға сәйкес сайлансын.

2. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау жөніндегі 2 округтік сайлау комиссияларының мүшелері 2 қосымшаға сәйкес сайлансын.

3. Осы шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

4. Осы шешім қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

С.ӨТЕШОВ,
облыстық мәслихат төрағасы

Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 16 қаңтардағы XXII сессиясының № 305 шешіміне 1 қосымша

Қарағанды облыстық мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі

15 округтік сайлау комиссияларының

ҚҰРАМЫ

№ п/п	Тегі, аты-жөні	Саяси партия, Қоғамдық ұйым	Сайлау округі бойынша округтік комиссия, мекенжайы
1	Саркенов Берик Бейсенович	«Аманат» партиясы	№ 1 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы, «А.С.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ, Н.Назарбаев даңғылы, 56
2	Мананбаева Азат Тельмановна	Жалпыұлттық социал демократиялық партия	№ 1 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы
3	Дюсееева Айжан Аутаевна	«Ауыл» Халықтық демократиялық патриоттық партиясы	№ 1 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы
4	Омарова Сабира Дулатовна	Қазақстан Халық партиясы	№ 1 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы
5	Ахметбекова Зарина Маулетовна	«Граждане Казахстана» ҚБ	№ 1 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы
6	Еремин Юрий Николаевич	«Аманат» партиясы	№ 2 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы «Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті» ЖМ, Академическая көшесі, 9
7	Джабаева Гульден Нурлановна	Жалпыұлттық социал демократиялық партия	№ 2 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы
8	Сатемирова Камарсулу Койшибаевна	«Ауыл» Халықтық демократиялық патриоттық партиясы	№ 2 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы
9	Алимкулов Нурлан Дюсенаевич	Қазақстан Халық партиясы	№ 2 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы
10	Югай Олег Борисович	«Ақ Жол» Қазақстан демократиялық партиясы	№ 2 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы
11	Иебекова Айгерим Ауезовна	«Аманат» партиясы	№ 3 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы «Қоғамдық келісім» КММ, Шахтерлер даңғылы, 64
12	Нурмаганова Сандұташ Оразхановна	Жалпыұлттық социал демократиялық партия	№ 3 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы
13	Инджиголян Анжела Алвановна	«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы	№ 3 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы
14	Абдулманафов Ерсин Абдулманафович	Қазақстан Халық партиясы	№ 3 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы
15	Малаев Марат Базаркеевич	«Граждане Казахстана» ҚБ	№ 3 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы
16	Баймолина Жадыра Сабыровна	«Аманат» партиясы	№ 4 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы, «Абай атындағы мектеп гимназия» КММ Мұханов көшесі, 21/5 ғимарат
17	Тиштыкова Айжан Нурбековна	Жалпыұлттық социал демократиялық партия	№ 4 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы
18	Бекбаулова Эльмира Ермахановна	«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы	№ 4 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы
19	Орынбаева Инабат Қайратовна	Қазақстан Халық партиясы	№ 4 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы
20	Рахимбаева Жұлдыз Мараловна	«Ақ Жол» Қазақстан демократиялық партиясы	№ 4 округ Қазыбек би атындағы аудан Қарағанды қаласы
21	Рахимжанова Светлана Еркековна	«Аманат» партиясы	№ 5 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ. «Теміржолшылар» мәдениет сарайы КМҚК, Мөметов көшесі, 111 үйі
22	Ақпаева Назым Кайсеновна	Жалпыұлттық социал демократиялық партия	№ 5 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ.
23	Акишева Рымтай Дюсенбаевна	«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы	№ 5 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ.
24	Сармульдин Дархан Нурғалиевич	Қазақстан Халық партиясы	№ 5 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ.
25	Сарсембаев Айгерим Болатовна	«Ақ Жол» Қазақстан демократиялық партиясы	№ 5 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ.

26	Козюля Владимир Николаевич	«Аманат» партиясы	№ 6 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ. «Молодежный» КҚМҚ, Металлистер көшесі, ғимарат 24/2
27	Раимбекова Нұргүл Нұржановна	Жалпыұлттық социал демократиялық партия	№ 6 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ.
28	Темірғалиева Жанар Қайратқызы	«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы	№ 6 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ.
29	Омарова Балғын Қаригалиевна	Қазақстан Халық партиясы	№ 6 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ.
30	Жанқаринова Салтанат Мұхамедияновна	«Ақ Жол» Қазақстан демократиялық партиясы	№ 6 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ.
31	Мусапирова Нұргүл Төлегеновна	«Аманат» партиясы	№ 7 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ. Жаңа Майкүлдік Мәдениет үйі КМҚК Магнитогорская көшесі, 19 үйі.
32	Смагулова Шайзада Шыныбековна	Жалпыұлттық социал демократиялық партия	№ 7 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ.
33	Шапешотова Айгүл Төлегеновна	«Ауыл» Халықтық демократиялық патриоттық партиясы	№ 7 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ.
34	Қайырбаева Жанна Хапасовна	Қазақстан Халық партиясы	№ 7 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ.
35	Мустафина Ажар Теміржановна	«Ақ Жол» Қазақстан демократиялық партиясы	№ 7 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ.
36	Сыздыкова Ардақ Туяковна	«Аманат» партиясы	№ 8 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ. «Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ Көгілдір тоғандар шағын ауданы, ғимарат 3.
37	Иманғалиева Ляззат Қаримовна	Жалпыұлттық социал демократиялық партия	№ 8 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ.
38	Дәулет Арна Думанқызы	«Ауыл» Халықтық демократиялық патриоттық партиясы	№ 8 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ.
39	Құдмағамбетова Құрайы Қалиоллаевна	Қазақстан Халық партиясы	№ 8 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ.
40	Мухтарова Данагүл Алданышевна	«Ақ Жол» Қазақстан демократиялық партиясы	№ 8 округ Әлихан Бөкейхан ауданы Қарағанды қ.
41	Салпенова Мадина Мейрамовна	«Аманат» партиясы	№ 9 округ Теміртау қ. Республика даңғылы, 30, Қарағанды индустриялық университеті
42	Силаева Ольга Викторовна	Жалпыұлттық социал демократиялық партия	№ 9 округ Теміртау қ.
43	Мухамедина Жұлдыз Салауатовна	«Ауыл» Халықтық демократиялық патриоттық партиясы	№ 9 округ Теміртау қ.
44	Мырзаханова Айнур Темірбұлатовна	«Ақ Жол» Қазақстан демократиялық партиясы	№ 9 округ Теміртау қ.
45	Батырбек Әлібек Есімбайұлы	Қазақстан Халық партиясы	№ 9 округ Теміртау қ.
46	Мухтарова Асем Маратовна	«Аманат» партиясы	№ 10 округ Теміртау қ. Металлургтер даңғылы, 24/5, № 24 ЖББМ КММ
47	Базарбаева Жанат Қуандыковна	Жалпыұлттық социал демократиялық партия	№ 10 округ Теміртау қ.
48	Смагулова Дариға Шаметовна	«Ауыл» Халықтық демократиялық патриоттық партиясы	№ 10 округ Теміртау қ.
49	Нағуметова Анель Алтаевна	«Ақ Жол» Қазақстан демократиялық партиясы	округ № 10 Теміртау қ.
50	Резина Айнагүл Шайрановна	Қазақстан Халық партиясы	округ № 10 Теміртау қ.
51	Ахметов Бегзат Айтжениович	«Аманат» партиясы	№ 11 округ Теміртау қ. Луначарский көшесі, 548/1, «Теміртау медициналық колледжі» ЖМ
52	Ибраева Рымқұл Кампиловна	Жалпыұлттық социал демократиялық партия	№ 11 округ Теміртау қ.
53	Кариполла Алқагул	«Ақ Жол» Қазақстан демократиялық партиясы	№ 11 округ Теміртау қ.
54	Сүлейменова Айгерим Ержановна	«Ақ Жол» Қазақстан демократиялық партиясы	№ 11 округ Теміртау қ.
55	Қызылбаев Ерлан Курманбекович	Қазақстан Халық партиясы	№ 11 округ Теміртау қ.
56	Нұрғалиева Гүлсұм Бейсеновна	«Аманат» партиясы	№ 12 округ Осакаров ауданы Осакаровка кенті, Жамбыл көшесі, 1 «А», «Жастар» балалар-жасөспірімдер орталығы
57	Жигулина Людмила Николаевна	Қазақстан Халық партиясы	№ 12 округ Осакаров ауданы
58	Ақылбекова Асемгүл Рахметуллиновна	«Рябина» ҚБ	№ 12 округ Осакаров ауданы
59	Зейниқиев Мукағали Садүкасович	«Эльпида» ҚБ	№ 12 округ Осакаров ауданы
60	Қазимов Дәурен Аймағамбетович	«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы	№ 12 округ Осакаров ауданы

61	Макдонская Валентина Ивановна	«Аманат» партиясы	№ 15 округ Саран қ. Жамбыл көшесі, 69/1, Саран қаласы Мәдениет үйі
62	Қуанова Любовь Кабеновна	«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы	№ 15 округ Саран қ.
63	Запаловская Анастасия Васильевна	Қазақстан Халық партиясы	№ 15 округ Саран қ.
64	Абров Болат Айтмағамбетович	«Гражданская инициатива-2005» ҚБ	№ 15 округ Саран қ.
65	Маханов Роман Валерьевич	«ЭкоС» ҚБ	№ 15 округ Саран қ.
66	Тулеуханова Сағынш Камидулловна	«Аманат» партиясы	№ 16 округ Қарқаралы ауданы Ботақара кенті, Әлихан Бөкейхан көшесі, 7, «Ю.Гагарин атындағы ООМ»
67	Барило Наталья Николаевна	«Бұқар жырау Мүгедектер қоғамы» ҚБ	№ 16 округ Қарқаралы ауданы
68	Нокин Ержан Нурланович	«Бұқар жырау жастары» ҚБ	№ 16 округ Қарқаралы ауданы
69	Әліұлы Сайлау	«Қарағанды облысы ауыл шаруашылық, өңдеуші ұйымдар мен Қарағанды мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» Қарқаралы ауданы бойынша филиалы	№ 16 округ Қарқаралы ауданы
70	Тойылбеков Мурат Таширбергенвич	Қарағанды облыстық «Қазақстан салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Қарқаралы аудандық комитеті» филиалы	№ 16 округ Қарқаралы ауданы
71	Ахметов Асхат Жанатович	«Аманат» партиясы	№ 18 округ Ақсу-Аюлы Жанұтты Би, 39 үй, Ақсу-Аюлы ауылының мәдени демалыс орталығы
72	Жазықбекова Гульсера Тлеухановна	Қазақстан Халық партиясы	№ 18 округ Ақсу-Аюлы
73	Кәдірбек Айбек Елубекұлы	«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы	№ 18 округ Ақсу-Аюлы
74	Төлеуғазы Айдана Төлеубайқызы	«Мир добра» ҚБ	№ 18 округ Ақсу-Аюлы
75	Аханов Бекзат Нурланович	Жалпыұлттық социал-демократиялық партия	№ 18 округ Ақсу-Аюлы

Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 16 қаңтардағы XXII сессиясының № 305 шешіміне 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары

ын сайлау жөніндегі 2 округтік сайлау комиссияларының

ҚҰРАМЫ

№	Тегі, аты-жөні	Саяси партия, қоғамдық ұйым	Сайлау округі бойынша округтік комиссия, мекенжайы
1	Абельгазина Айгүл Омаровна	«Аманат» Партиясы	№ 18 округ (орталығы Қарағанды қ. Назарбаев даңғылы, 39)
2	Бектурова Алма Хабиболаевна	«Граждане Казахстана» ҚБ	№ 18 округ (орталығы Қарағанды қ.)
3	Сыздыкова Индира Бауржановна	Жалпыұлттық социал-демократиялық партия	№ 18 округ (орталығы Қарағанды қ.)
4	Степаненко Анатолий Григорьевич	Қазақстан Халық партиясы	№ 18 округ (орталығы Қарағанды қ.)
5	Мұқашева Жансұлу Асылбекқызы	«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы	№ 18 округ (орталығы Қарағанды қ.)
6	Брамонтова Светлана Павловна	«Аманат» партиясы	№ 19 округ (орталығы: Теміртау қ. «Қарағанды индустриалды университеті» КеАҚ, Республика даңғылы, 30)
7	Қалдыбаева Чулпанай Бакировна	Жалпыұлттық социал-демократиялық партия	№ 19 округ (орталығы Теміртау қ.)
8	Тлемисова Айғаным Жомартовна	«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы	№ 19 округ (орталығы Теміртау қ.)
9	Дюсембаева Айгүл Шаймағамбетовна	Қазақстан Халық партиясы	№ 19 округ (орталығы Теміртау қ.)
10	Баймағамбетова Алтынай Хамитовна	«Граждане Казахстана» ҚБ	№ 19 округ (орталығы: Теміртау қ.)

COVID-19

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне сәйкес, 19 қаңтарда коронавирус инфекциясына – 74, коронавирус пневмониясына 7 адам шалдықты. Пневмониядан бір науқас қаза тапты. Жалпы, 1 949 адам індеттен емделуде. Бұл – кешегі дерек.

Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Емделушілер арасында 156 пациент стационарда. 1 793 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдауда. Дерек бойынша он адамның жағдайы ауыр, бесеуінің жағдайы өте ауыр. Үш науқас өкпені жасанды желдету аппаратына қосылған. Айта кетсек, бұдан тәулік бұрын коронавирус 101, пневмония төрт адамнан анықталған болатын.

Пандемия басталғалы 1 405 289 адам ауырды. Оның 13 843-і қайтыс болды. Осы аралықта облыста 163 251 адамның ауырғаны белгілі.

Соңғы тәулікте жаңадан 11 адам індет жұқтырды. Облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің дерегінше, жыл басынан бері коронавируспен ауырған 161 адам анықталды. Оның ішінде 152 жағдай (94,4%) симптомдармен, 9 жағдай (5,6%) симптомсыз. Осы аптада індет жұқтыру дәрегі өткен аптамен салыстырғанда 16,4%-ға төмендеген. Өткен аптада 74 жағдай болса, осы жұмада 61 жағдай тіркелді.

Министрліктің мәліметінше, соңғы кезде ревакцинация алушылар көбейген. Бүгінгі таңда республика бойынша 5 746 905 адам ревакцинация жасапқан. Ал вакцинацияның бірінші компонентін 10 858 865, екіншісін 10 629 710 адам алған. Бірқатар вакцина өндірушілер коронавирустың жаңа мутацияларына қарсы вакцина жасауды қолға алған. Мәселен, ресейлік Гамалей атындағы ғылыми-зерттеу орталығы «кракенге» қарсы әсері бар вакцина жасауды қолға алыпты. Оны орталық директоры Александр Гин-

Арнайы вакцина әзірленеді



цбург айтты. Алдында аталған орталықтың зерттеушілері «кракен» нұсқасы таралу жағынан басымдық алуы мүмкін деген пікір білдірген еді. Сонымен қатар, ол коронавируспен ауырған немесе оған қарсы вакцина алғандардың иммунитетін де айналдыр өте алады деп пайымдайды. Сондықтан мамандар вакцинация мен ревакцинацияға, сонымен бірге, қарапайым сақтық шараларын сақтауға кеңес береді. Қазір елде Sinopharm, CoronaVac және QazVac вакциналары қолданыста. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының арнайы миссиясы Қазақстанға келіп, QazVac-ты тіркеуге қатысты тексерулер жүргізеді. Бұл жайында Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният айтқан болатын.

– Қазақстандық вакцинаны Дүниежүзілік денсаулық ұйымында тіркеу жұмыстары қазір жалғасып жатыр. Былтыр осы ДДҰ өкілдері, мамандары мен сарапшылары онлайн режимде әртүрлі құжаттымызды сұрап, тексерген болатын. Енді былдың өзінде сол ұйымнан арнайы миссия келіп, біздің вакцинаның қалай шығарылып жатқанын, зауытымыздың халықаралық стандарттарға сәйкестігін, дүние жүзінің халқына қолдануға жарамдылығын тексереді, – деді министр.



● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Құрылыс – маңызды әлеуметтік-экономикалық сала

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында құрылыс саласына көп көңіл бөледі. Президент құрылыс дағдарысқа қарамастан Қазақстан экономикасының драйвері болып қала беретінін атады. Құрылыс – маңызды әлеуметтік-экономикалық сала. Бұл саланың даму қарқыны көбінесе аймақ экономикасының динамикасын да, адамдардың өмір сүру сапасын да анықтайды.

Қарағанды облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы мұналыдық меншік объектілерін салуды және реконструкциялауды, сәулет және қала құрылысын дамытуды жүзеге асырады.

2022 жылғы жедел статистикалық деректер бойынша Қарағанды облысында құрылыс жұмыстарының көлемі «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік инвестициялық жобаларды, «Sagan» индустриялық аймағының инвестицияларын іске асыру, коммерциялық тұрғын үй салу, облыстық маңызы бар автожолдарды реконструкциялау, жолдарды күрделі және орташа жөндеу есебінен 350,6 млрд. теңге сомасында орындалды.

Құрылыс жұмыстарының көлемі жөнінде өңір республикада 5-орын алады, оның үлесіне республикалық көлемнің 5,6%-ы келеді.

2023 жылы құрылыс жұмыстары көлемінің 100,1% (363,2 млрд. теңге) өсуін қамтамасыз ету жоспарлануда.

Басқарманың басым бағыты тұрғын үй инфрақұрылымын жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Қарағанды облысы бойынша «Қуатты өңірлер – елді дамуының драйвері» ұлттық жобасы шеңберінде барлық қаржыландыру көздері есебінен 2021 жылмен салыстырғанда 2,6% өсіммен 597,2 мың шаршы метр тұрғын үй (5,2 мың пәтер) пайдалануға берілді.

Іске қосу көлемінің 27%-ы жеке тұрғын

үйге (159 мың шаршы метр), 66%-ы коммерциялық тұрғын үйге (394 мың шаршы метр) және 7%-ы мемлекеттік сектордағы тұрғын үйге (44 мың шаршы метр) тиесілі. Облыс бойынша тұрғын үй құрылысында инвестиция 84 млрд. теңгені құрады, оның ішінде, облыс орталығында 70 млрд.теңге немесе – 83%.

2022 жылдың қорытындысында Балқаш, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск қалаларында, сондай-ақ, Бұқар жырау, Нұра аудандарында 500-ге жуық бюджеттік тұрғын үй пайдалануға берілді.

2023 жылға келетін болсақ, биыл 608,0 мың шаршы метр тұрғын үйді іске қосу жоспарланып отыр. 2022 жылғы деңгейге қарағанда 1,8%-ға өсім бар.

«Қуатты өңірлер – елді дамуының драйвері» ұлттық жобасының міндеттерін іске асыруға жалға берілетін тұрғын үй құрылысына 1,7 млрд. теңге қаражат көзделген. Ағымдағы жылы Қарағанды, Абай, Шахтинск қаласында, Осакаров, Бұқар жырау, Шет, Ақтоғай, Қарқаралы, Нұра аудандарында құрылыс жоспарлануда.

Қарағанды облысының әлеуметтік маңызы бар объектілерін дамытуда 2022 жылы 5 әлеуметтік маңызы бар нысан пайдалануға берілді. Оның ішінде, Шахтинск қаласында, Қарқаралы ауданының Егіндібұлақ ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Нұра кентінде және Шахтерское ауылында 2 хоккей корты ел игілігіне тапсырылды.

Ағымдағы жылы 37 нысанның құрылысы жүргізілуде. Оның қатарында, 6 білім беру, 2 денсаулық сақтау, 2 ветеринария



нысаны бар. Сонымен қатар, индустриялық аймақтың 10 инфрақұрылым нысаны, «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында 10 нысан, 1 мәдениет және 6 спорт нысаны салынууда.

2023 жылы келесі нысандарды аяқтау жоспарлануда:

- Қарағанды қаласында 200 төсектік облыстық көпбейінді балалар ауруханасы;
 - Қарағанды қаласында облыстық онкологиялық диспансердің операциялық-реанимациялық блогы;
 - Қарағанды қаласындағы лицей-интернатқа (қыздарға арналған бұрынғы КТЛ мектебі) қосымша;
 - Бұқар жырау ауданы Новостройка ауылында, Қарқаралы ауданы Талды ауылында, Күнгей шағын ауданындағы мектеп құрылысы;
 - Қарағанды облысы, Саран қаласында №4 ЖББМ спортзалы;
 - Бұқар жырау ауданының Ботақара кентінде, Ақтоғай ауданының Ақтоғай ауылында ветеринариялық пункттер .
- «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасымен Абай ауданы Юбилейное ауылында, Бұқар жырау ауданы Қызылжар ауылында, Бұқар жырау ауданы Қызылқайың ауылында, Нұра ауданы Байтуған ауылында, Нұра ауданы Заречное ауылында, Осакаров ауданы

Озерное ауылында 6 фельдшерлік-акушерлік пункт құрылысы жүргізілуде.

Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылындағы қолданыстағы стадион жаңғырады.

Бұқар жырау ауданының Тағарин ауылында қолданыстағы мектепке 4 сыныптық үй-жай, спортзал, асхана және төрт мектепке дейінгі сынып салынады.

Жаңаарқа ауданы Ақтүбек ауылында 150 орындық спортзалға қосымша құрылыс салынады. Шет ауданы Ақадыр кентіндегі Ә.Ермеков атындағы орта мектептің қосымша құрылысы мәреге жетеді.

2022 жылдан бастап Сарандағы жаңа индустриялық аймақ аумағында «Yutong» автобус құрастыру зауыты, «KamaTyres. KZ» шиналар шығаратын кәсіпорын іске қосылды. Индустриялық аймақ келешекте 6 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта басқарма Саран қаласында индустриялық аймақтың инфрақұрылым объектілерінің құрылысын жүргізуде (байланыс желілері, газбен, ауысуды және техникалық сумен жабдықтау, көріздің сыртқы желілері, Саран қаласының индустриялық аймағының кірме теміржолының Соқыр станциясы бойынша жанауы, теміржол жолдары, өнімділігі сағатына 200 текше метр өнеркәсіптік ағынды суларды және жер үсті сарқынды суларын тазарту жөніндегі құрылыстар, су бұру желілері, энергиямен жабдықтау, көріз-сорғы станциясының құрылысы, көлік жолдары),

Ботақара кентінде, Бұқар жырау ауданы Мұстафин кентінде, Абай ауданы Топар кентінде, Ақтас кентінде, Саран қаласында 4 дене шынықтыру-сауықтыру кешені, сондай-ақ, Приозерск қаласында дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Қарқаралы ауданы Қарқаралы қаласындағы стадион құрылысын бастау жоспарланған,

2023-2025 жылдары «Жайлы мектеп» бағдарламасы бойынша облыста 14 500 оқушыға арналған 18 мектеп салынады. Оператор – «Самұрық-Қазына

Construction» АҚ.

2023 жылы 10 мектеп салу жоспарлануда. Қарағанды қаласында 5000 орындық 4 мектеп бой көтереді. Атап айтқанда, 2000 балаға арналған мектеп «Кең дала» шағынауданында, «Жаңа аудан» («Таугүлі») шағынауданында 1500 орындық, «Көгілдір тоғандар» шағынауданында 1200 орындық, «Гүлдер» шағынауданында 300 орындық мектеп салынады. Сонымен бірге, Балқаш қаласында Қ.Нұржанов атындағы шағынауданда 1200 орындық мектеп, Бұқар жырау ауданында 300 орындық 3 мектеп (Нұра, Доскей, Үштөбе ауылдарында), Шет ауданында 300 орындық 2 мектеп (Ақсу-Аюлы, С.Сейфуллин ауылында) биыл ашылады деп көзделуде.

2023 жылға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан осы мектептердің құрылысына берілетін нысаналы трансферт есебінен 17,6 млрд. теңге сомасында қаражат көзделген.

- 2024 жылы 8 мектеп салу жоспарда:
- Қарағанды қаласында 5000 орындық 4 мектеп («Восток-5, «Жаңа аудан-2» («Күнгей»), «Кең дала» шағынаудандарында және Пришахтинскіде);
 - Приозерск қаласында - 300 орындық (2 мектеп);
 - Абай қаласында 600 орындық мектеп;
 - Нұра ауданында 600 орындық мектеп;
 - Қарқаралы ауданында 300 орындық мектеп.

Қарағанды облысы бойынша 365 елді мекен бар. Оның 355-і жаңа бас жоспарлармен қамтамасыз етілген. Бұл – 97%-ды құрайды. Сондай-ақ, облыстық маңызы бар қалалар бойынша егжей-тегжейлі жоспарлаудың 51 жобасы әзірленді. 9 аудан орталығы ЖЖЕ-мен біріктірілген бас жоспарлармен қамтамасыз етілген.

Мұрат МАҒЗИН,
облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы

Өңірдегі цифрландыру – дамудың негізгі факторы

2022 жыл – Ұлттық «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» жобасын іске асырудағы алғашқы жыл болды. Осыған сәйкес, облыста жоспарлы жұмыстар жүргізілді. Одан бөлек, «Senim109» бірыңғай үйлестіру орталығы» өз қызметін жалғастыруда. Қызметтің жұмыс істеу барысында 470 мыңнан астам өтініш түссе, оның 90 мыңнан астамы 2022 жылы түскен. Былтырғы жылмен салыстырғанда өтініштер саны 30 пайызға артқанын да айту керек.

Жүргізілген талдауға сәйкес тұрғындарды көбінесе автомобиль жолдарын жөндеу, аула аумақтарын абаттандыру, ауданның тіршілігін қамтамасыз ету және жол жүрісін ұйымдастыру мәселелері толғандырады.

Былтыр Орталық 2005 жылдан бері өткізіліп келе жатқан, байланыс орталықтарында, клиенттерді қолдау, сервис, сату және маркетинг қызметтерінде клиенттермен қашықтықтан өзара іс-қимыл индустриясындағы үздік жобаларды номинациялаудың ең ірі бағдарламасы болып табылатын Халықаралық «ССGuru Awards/Хрустальная Гарнитура» конкурсына қатысты.

Конкурс қорытындысы бойынша Орталық ең үздік 3 Халықаралық байланыс орталығының қатарына енді. Яғни, кәсіби қоғамдастық дамудың жоғары деңгейін мойындап отыр. Сондай-ақ, «Senim109» қызметінің үздік жетістіктерге жеткендігін растайды.

«Қауіпсіз қала» жобасын іске асыру жалғастырылуда, оның шеңберінде Қарағанды, Теміртау, Саран қалаларында және Осакаров кентінде 2 812 бейнебақылау камерасы орнатылды, сондай-ақ, жол жүрісі ережелерінің бұзылуын тіркеу кешендері іске қосылды.

Облыс жолдарындағы жол-көлік оқиғаларының санын азайтуда тұрақты нәтижелерге қол жеткізілді. Мұндай оқиғалардың саны 12,7%-ға азайды.

Жобада қолданылатын, енгізіліп жатқан цифрлық шешімдердің арқасында адами факторды қатыстырмау мүмкіндігі пайда болды. Өз кезегінде, бұл сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына ықпал ететін жағдайларды жоқтайды.

2021 жылы іске асырыла бастаған «Өңірлік геоақпараттық портал құру» жобасының алдына дәл осындай міндеттер қойылды.

Порталда жер учаскелерін алу, құрылыс және реконструкциялау жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну және басқа да қызметтер сынды жер қатынастары, құрылыс және сәулет салаларындағы мемлекеттік қызметтердің

бизнес-процестерін автоматтандыру жүргізілді. Мемлекеттік қызметтерді көрсетуді бастау мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына өзгерістер енгізілгеннен кейін жүргізілетін болады.

Өңірлік «Терриконды алқап» ІТ-Хабы талантты жастар үшін тартымдылық нүктесіне айналды. ІТ-қоғамдастық өкілдері үшін 150-ден астам іс-шара өткізілді.

Өткізілген іс-шаралардың әрқайсысы жас мамандарға ІТ, маркетинг және бизнес бағыттары туралы көбірек білуге, салаға кіру шектерін түсінуге, қажетті дағдылар мен білімдерді үйренуге, сондай-ақ, пайдалы бастамаларды қалыптастыру үшін жаңа таныстықтар орнатуға мүмкіндік берді. Тәжірибелі кәсіпкерлер өз кезегінде әріптестері жинаған тәжірибемен алмасып, кейстерді зерттеп, серіктестер мен инвесторлар тауып, өз компанияларының өсіп, қанатын кең жаюына ықпал ететін жаңа мүмкіндіктерді игерді.

Өткен жылы баршамызға белгілі болған халықаралық оқиғаларға байланысты біздің өңірге ІТ-компанияларды тарту және ІТ-мамандарды орналастыру бойынша арнайы бағдарлама іске қосылды. Бағдарлама мемлекеттік және жеке компаниялармен кездесулер ұйымдастыру, ірі ІТ-компаниялармен және перспективалы жобалармен байланыс орнату арқылы жұмысқа орналасуға жәрдем көрсету, заңды тұлғаларды тіркеу мәселелері бойынша үйлестіру және ІТ-хаб коворкингінде жұмыс істеу үшін орындар беру сынды мәселелерді қамтыған. Осылайша, 2022 жылы хабтың қолдауымен қазіргі уақытта қазақстандық және халықаралық нарықтарда табысты жұмыс істейтін шетелдік 3 компания, сондай-ақ, 200-ден астам маман орналастырылды.

Биыл ерте кезеңдегі жобаларға инвестиция жасау үшін венчурлық қор құру, жобаларды бірлесіп инвестициялау үшін салалық әріптестерді тарту, бизнес инвесторлары қауымдастығын қалыптастыру, MedTech-Акселератор өткізу, хаб кеңістігін кеңейту, R&D орталығын, сандық подкаст студиясын ашу және танымал бағыттар бойынша курстарды өткізуді бастау

жоспарланып отыр. Осылайша, барлығы 150-ден астам іс-шара ұйымдастырылатын болады.

ІТ-кластерді құру мақсатында хаб базасында Astana Hub «Tech Orda» ІТ-стартаптары халықаралық технопаркінің бағдарламалау мектептерін қаржылық қолдау бағдарламасына қатысатын «Terticon school» заманауи бағдарламалау мектебі іске қосылды.

Қазіргі уақытта «Terticon School» жобасы аясында даярлаудың төрт бағыты бойынша 54 адам білім алуда. 2023 жылға құрылған жоспарда дизайн, Python, PHP, C#, Kotlin сияқты бағыттар бойынша дайындық курстарын енгізу жоспарланып отыр. Бұл жұмыс Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасында айтылған 150 мыңнан астам ІТ-мамандарды құруға бағытталғанын атап өткім келеді.

Электрондық мемлекеттік қызметтер біздің өңірдің тұрғындары арасында үлкен сұранысқа ие болған. Өткен жылдың нәтижелері бойынша мемлекеттік қызметтердің пайыздан кемі ғана қағаз түрінде көрсетілді, сол кезең ішінде барлығы 18 миллионнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілген.

Бүгінде қызметтердің барлығының 95%-дан астамы онлайн режимінде қол жетімді, оларды азаматтар өздігімен egov.kz порталында, Telegram-бот немесе мобильді қосымша арқылы ала алады.

Мемлекеттік қызметтер халыққа цифрлық технологияларды қолдана отырып, бірыңғай терезе қағидаты бойынша ашық кедергісіз кеңістіктерде ұсынылады. Ол үшін облыс өңірлерінде «Open akimat» жобалары іске асырылды.

Өткен жылы жүргізілген жүйелі жұмыстың нәтижесінде мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерінің бұзылуын 2 есе азайтуға және мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасына жасалған шағымдардың санын 4 есе азайтуға қол жеткізілді.

Тұрғындарды сапалы байланыспен, интернет желісімен қамтамасыз етпей, цифрлық технологияларға қол жеткізу мүмкін еместігін түсіну қажет.

Өткен жылы облыстың 39 ауылдық елді мекенінде байланыс желілері жаңғыртылды. Бұған дейін Ақтоғай ауданының Нарманбет, Қошқар, Ақжарық ауылдарының, Қарқаралы ауданының Көктас ауылының тұрғындарында ұялы байланыс сапасына қатысты проблемалар болған, ал кейбір жерлерде ол мүлдем болмаған. Енді олар кең жолақты төртінші буын интернетіне қол жеткізді.



Алдағы екі жылда халық саны 250 адамнан кем облыстың 27 ауылдық елді мекенінің кең жолақты интернет желісіне қол жеткізуді қамтамасыз ету жоспарланып отыр. 3,6 мыңнан астам адам үшін байланыс жақсармақ. Елді мекендердің тізімін біздің ресми интернет-ресурсымыздан алуға болады.

Салада жүргізіліп жатқан жұмыс есепті кезеңнің бірінші жартыжылдығының қорытындылары бойынша өңірге цифрлық бастамаларды енгізу бойынша үздік үш өңірдегі көшбасшылықты бекітуге мүмкіндік берді.

Жұмыс цифрландыру саласында жыл сайын өтетін «ІТ KPMG Tech Awards» сыйлық беру салтанатында да лайықты бағара не болды. «GovTech Professional of the Year» (Елді цифрландыруға үлес қосқан жылдың мемлекеттік қызметшісі) номинациясында біздің аймақ «Терриконды алқап» ІТ-Хаб жобасымен жеңіске жетті.

Марапаттау рәсімі еліміздің ең ірі «Digital tray» форумы аясында өтті. «KPMG Tech Awards» конкурсына қатысу үшін қазақстандық ІТ-компаниялардан, стартаптар мен кәсіпқойлардан барлығы 200-ге жуық өтінім берілген-тін.

Ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы өткен жылғы жұмыстың қорытындыларын шығарып, ағымдағы жылға міндеттер қойды. Ақпараттандыру және мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жұмысы жалғаса бермек.

Рустам БАЙЖАНОВ,
облыстың ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Рухани жоба іске қосылады

Мәдениет және спорт министрлігі «Жаңа қазақ әдебиеті» жобасын іске қосады. Бұл туралы Мәдениет және спорт министрлігінің кеңейтілген отырысында ведомство басшысы Асхат Оралов мәлімдеді.

Министрлік қоғамдық маңызы бар әдебиетті басып шығаруға және еліміздің барлық өңірлердегі кітапханаларға таратуға назар аударып отыр.

«Былтырдың өзінде 506 мың кітап өңірлерге таратылды. Кітапхана қорын құнды кітаптармен толықтыру – мәдени саясаттың маңызды өзегі. Осы бағытта министрлік «Жаңа қазақ әдебиеті» жобасын қолға алды. Қазақстан кітапханалары азаматтарымыз үшін білімге еркін қол жеткізетін әрі олардың мәдени сұранысын қамтамасыз ететін заманауи форматтағы конфункционалды ақпараттық демалыс орнына айналуы тиіс», – деді министр.

Оның айтуынша, елді мекендерде, әсіресе, шалғай аудандарда жастар бас қосатын рухани орталық болуы керек.

Өз тілшімізден

● КӨРМЕ

Роботтармен танысуға болады

Теміртау тарихи-өлкетану мұражайында Robotime көрмесі өтеді. Экспозиция 17 қаңтарда бүкіл әлем атап өтетін балалар өнертабыстары күніне арналды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көрме қонақтары робототехника тарихымен, осы саладағы заманауи жетістіктермен танысады. Мұражай қызметкерлері Теміртау мен Қарағандыда жұмыс істейтін RoboClub робототехника және бағдарламалау мектебінің басшылары, педагогтері мен оқушылары көмектеседі. Жас өнертапқыштар өздерінің жетістіктері мен шеберлік құпияларын айтады. Роботтардың мүмкіндіктері таразыланады.

Экспозицияда жұмыс істейтін жеті робот моделі болады. Олар Lego конструкторларының бөлшектерін қолдана отырып, Arduino контроллері негізінде жасалған. Экспонаттардың әрқайсысы робототехника бойынша республикалық, халықаралық дәрежедегі жарыстарға қатысқан.

Көрме 23 қаңтарда сағат 15.00-де ашылып, 23 ақпанға дейін жалғасады.



● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Еліміздегі үздік спорттық аймақ

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі 2022 жылдың қорытындысын шығарды. Спорт саласының өкілдері ғана емес, қоғам қайраткерлері де қатысқан арнайы комиссия өңірлерде жүргізілген жұмыстардың нәтижелерін бұқаралық спортты, инфрақұрылымды дамыту, жаңа қызықты жобаларды іске асыру және басқа да маңызды бағыттар бойынша бағалады. Осыған орай, Астанада министрлік ұйымдастырған «2022 жылдың қорытындысы» салтанатты рәсімі де өтті. Қарағанды облысы «Үздік спорттық өңір» атағына ие болды. Ал, Қазақстан тарихында тұңғыш рет үстел теннисінен Әлем чемпионы және Азия чемпионатының жүлдегері атанған жерлесіміз Алан Құрманғалиев «Жастар мен жасөспірімдер құрамасының үздік спортшысы» номинациясын жеңіп алды. Сөз жоқ, біз үшін мұндай жоғары баға – зор мақтаныш. Бұл, ең алдымен, Қарағанды облысы әкімдігінің жасаған қолдауының нәтижесі.

Жоғары баға

Ендігіде Дене шынықтыру және спорт басқармасының басты міндеті мынадай көрсеткіштерді жақсарту болып табылады:

- «Халықтың 1000 адамға шаққандағы спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі». Қазіргі уақытта бұл біздің өңірде 64,8% құрайды, 2023 жылға арналған жоспар – 65,2%.
- Тағы бір көрсеткіш – «Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын азаматтарды қамту». Қарағанды облысында бұл 33,28% деңгейінде немесе 430 975 адам. 2023 жылға арналған жоспар – 42 %.
- «Дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға қабілеті бар мүмкіндігі шектелген жандар арасынан спортпен жүйелі түрде шұғылданатын адамдардың үлесі». Бұл көрсеткіш 11,8%-ға тең. 2023 жылға арналған жоспар – 11,9%.
- Төртінші көрсеткіш – «Жастарды (14-18 жас) спортпен қамту». Қарағанды облысында бұл 55 235 адамды құрайды. 2023 жылға арналған жоспар – 56170.

Жаттығу – тегін

Өңірде 430 мыңнан астам адамды қамтитын 1 133 спорт ұйымы жұмыс істейді. Сонымен қатар, оқушылар мен жасөспірімдердің бос уақытын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті деңгейде:

- 28 мыңнан астам адамды қамтитын 39 спорт мекемесі (мектеп), (соның ішінде, жоғары спорт шеберлігі мектебі, олимпиада резервін даярлау орталығы, Ә. Молдағұлова атындағы мектеп-интернат-колледжі);
- 3 694 адам қамтылған 14 балалар мен жасөспірімдер дене шынықтыру клубы;
- 10 051 баланы қамтитын 87 балалар мен жасөспірімдер клубы;
- жалпы білім беретін мектептерде 75 176 баланы қамтитын 4 542 спорт секциясы;
- колледждерде 7573 білім алушыны қамтитын 288 секция;
- ЖОО-да 12 659 студентті қамтитын 126 спорт секциясы жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта балалар мен жасөспірімдерді секцияларға тарту мақсатында, мемлекеттік спорттық тапсырысты жан басына шаққандағы қаржыландыру жобасы іске асырылуда. Спорттың 26 түрінен 173 спорт секциясы ашылды, онда 8 961 адам тегін жаттығады.

Спорт инфрақұрылымына мән берсек

Бұқаралық спорттың жай-күйі мен да-

муы спорт инфрақұрылымының жеткілікті деңгейі мен жалпыға бірдей қолжетімділігіне байланысты. Қазіргі уақытта өңірде 2 782 спорт ғимараты жұмыс істейді, соның 980-і – ауылдық жерлерде. Жыл сайын өңірімізде жаңа сауықтыру кешендері ашылуда, дегенмен оларға, әсіресе, бассейндерге деген қажеттілік әлі де байқалады. Қазіргі уақытта Ақтоғай, Бұқар жырау, Осакаров, Шет, Қарқаралы аудандарында бассейн жоқ. Сонымен қатар, спорт алаңдары жетіспейді.

2022 жылы облыс қалалары мен аудандарында 85 ашық спорт алаңдары орнатылды, оның:

- 72-і жасанды төсеніші бар спорт алаңдары;
- 8-і көпфункционалы хоккей корты;
- 5-уі «Street-Workout» алаңдары.

2023 жылға арналған жоспар:

1. жасанды төсеніші бар спорт алаңдары – 35 бірлік (қалаларда – 18, аудандарда – 17);
2. көпфункционалы хоккей корттары – 15 бірлік (қалаларда – 9, аудандарда – 6);
3. «Street-Workout» алаңдары – 5 бірлік (қалаларда – 2, аудандарда – 3).

2022 жылы өңірімізде мынадай спорт нысандары салынды:

- Шахтинск қаласында 160 орындық бассейні бар ДШСК;
- Балқаш қаласының Қоңырат шағын ауданындағы спорт кешені;
- Нұра ауданының Нұра кентіндегі жабық хоккей корты;
- Қарағанды қаласындағы футбол маңежі.

Үстіміздегі жылы «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде аяқталған спорт нысандары:

- Нұра ауданының Шахтерское ауылындағы жабық хоккей корты;
- Қарқаралы ауданының Егіндібұлақ кентіндегі 100 орындық ДШСК.

Бұдан басқа, бүгінгі күні осы бағдарлама шеңберінде Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылындағы стадионды қайта жаңарту және Осакаров ауданы Молодежный кентіндегі БЖСМ-ге күрделі жөндеу жүргізілуде.

2023 жылға ауысқан жобалар:

- Бұқар жырау ауданының Ботақара кентіндегі 320 орындық ДШСК;
- Бұқар жырау ауданы Ғ.Мұстафин атындағы кентіндегі 320 орындық ДШСК;
- Абай ауданының Топар кентіндегі 100 орындық ДШСК;
- Приозерск қаласындағы 210 орындық ДШСК.

Құрылысын 2023 жылы бастау жоспар-



ланған нысандар:

- Қарқаралы ауданының Қарқаралы қаласындағы стадионы;
- Саран қаласының Ақтас кентіндегі және Ақтоғай ауданының Сарышаған кентіндегі ДШСК;
- Осакаров ауданының Осакаровка ауылындағы жүзу бассейні;
- Қарағанды мен Балқаштағы күрес орталықтары;
- Приозерск қаласындағы стадионды ағымдағы жөндеу;
- Теміртау қаласындағы «Строитель» спорт кешенін ағымдағы жөндеу;
- Қарқаралы ауданындағы «Барс» спорттық-сауықтыру лагерін жөндеуді аяқтау.

Ауқымды шаралар аясында

Бұқаралық спортты дамыту үшін инфрақұрылымды көбейтіп қана қоймай, ауқымды да қызықты іс-шаралар өткізу қажет.

2022 жылы облыста 159 853 адамды қамтыған 2 986 іс-шара болды, соның ішінде, ауылдық жерлерде 78 449 тұрғынды қамтыған 1193 іс-шара болды.

Сонымен, дәстүрлі қысқы спартакиадаларға қалалар мен аудандардан 3 656 адам қатысты. Спартакиадала облыстың ЖОО студенттері арасында спорттың 13 түрінен 716 оқушы, мүгедектер арасында 187 адам бақ сынасты.

Қарағандыда II облыстық жасөспірімдер ойындары өтті, онда барлық ауылдық аудандардан келген 800-ден астам жасөспірім бақ сынасты.

Ақсу-Аюлыда 12 спорт түрінен XXXIV облыстық «Сарыарқа» ауылдық спартакиадасы өтті, оған 4 646 спортшы қатысты, ал Балқаш қаласында 7040 адам облыс қалалары арасында XV «Арай-2022» спартакиада-сында жеңіске жету үшін күресті.

Қарағандыда Қазақстан Республикасы күніне арналған «Atmaŋa jol – 2022» жартылай марафоны өтті. Осы ауқымды іс-шараға, нағыз спорт мерекесіне үш мыңға жуық адам қатысты. Бұл ретте, облыс тұрғындары ғана емес, Астана, Алматы, Павлодар, Қостанай, Степногорск және Қазақстанның басқа қалаларынан, сондай-ақ, Ресей, Өзбекстан және Қырғызстаннан келген желаяқтар қатысты.

Қанатқақты жоба

Қарағанды облысында мүгедектер спортына көп көңіл бөлінеді. Өңірімізде аутизмі бар балаларға жүзуді үйретуден республика бойынша жалғыз жоба іске асырылуда. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша осы мақсатқа 49 млн. теңге бөлінді. 10 бапкер-жаттықтырушы оқытудан өтіп, қазіргі кезде Қарағанды, Теміртау және Саран қалаларында 90 баланы жүзу спортына баулуда. Бұл жоба 2023 жылы да жалғасатын болады.

Спортпен айналысатын балалар санын 60 адамға, бапкерлер санын бес маманға көбейту жоспарланып отыр.

Бұдан басқа, мемлекеттік спорттық тапсырысты жан басына шаққандағы қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде адаптивті таэквондо және шахмат секциялары жұмыс істеуде, оларға мүмкіндігі шектеулі 79 бала қатысады.

Облыстық мүгедектер спортына мамандандырылған мектепте 16 спорт түрі дамытылуда. Онда 450 мүгедек адам шұғылданады, олардың 222-сі балалар, олармен 22 бапкер-жаттықтырушы жұмыс істейді.

Төрт спортшымыз Бразилиядағы жазғы Сурдлимпиада ойындарында таэквондодан қола жүлдегерлер атанды. Жүзуден өткен Әлем кубогында қарағандылық жүзушілер он медаль жеңіп алды. Мүгедек спортшылар арасындағы армрестлингтен өткен Азия чемпионатында Қанат Әбдуқапов екі күміс, ал Никита Ермаков екі алтын жүлдеге ие болып, екінші рет Әлем чемпионы атанды.

Айта кетейік, Сурдлимпиада ойындарының жүлдегерлері көтермелеу ретінде облыс әкімінің сыйақысын алып, олардың әрқайсына бір бөлмелі пәтерден сыйға тартылды. Сонымен қатар, Қарағанды облысы әкімдігінің қаулысына сәйкес, Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада, Азия ойындарының, Азия және Әлем чемпионаттарының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне ай сайынғы ақшалай қаражат төленеді.

Алға, жас өрен!

Ұлттық спорт түрлерінің танымалдылығы, әсіресе жастар арасында артып келеді. Өңірде ұлттық спорт түрлерімен 35 771 адам айналысады. Көкпармен айналысатындар саны, әсіресе ауылдық аймақтарда едәуір өсті. Ықпал етуші факторлардың бірі 560 адамды қамти отырып, бапкер-жаттықтырушылардың штаттық құрамын жеті бірлікке кеңейту болды. Облыстық турнирлерге командалар көптеген қатыса бастады. Жарыс нәтижесі бойынша Қарағанды облысының құрамасы құрылады және ол республикалық деңгейде лайықты өнер көрсетуі тиіс. Осыған байланысты, көкпардан облыстық клуб ашу туралы шешім қабылданды, бұл спорттың осы түрін дамытудағы тағы бір қадам болмақ.

Айта кету керек, біз тек ат спорты түрлерін ғана емес, басқа да спорт түрлеріне назар аударамыз. Олимпиадалық емес спорт түрлерінен жоғары спорт шеберлігі мектебінде қазақ күресінен және тоғызқұмалақтан бөлімшелер ашылды. Қазақ

күресі бөлімшесі Ә.Молдағұлова атындағы мектеп-интернат-колледжінде жұмыс істей бастады. Облыс аудандарында еңбек ететін түрлі ұлттық спорт түрлері бойынша тағы 17 маманға жаттықтырушылар штатын кеңейту туралы шешім қабылданды.

Тоғызқұмалақтан Қазақстан чемпионатында жеңіске жетіп, Әлем чемпионатына жолдама алған Аңсаған Қожанәсіп мақтанышымызға айналды. Айта кетейік, Қарағанды өңірінде 15 мыңға жуық адам тоғызқұмалақпен айналысады.

Асық ату сияқты спорт түрі де танымал. Бұл спорт түрі облыстық дәстүрлі спартакиадалар бағдарламасына кіреді және мұндай жарыстарға жастар қатысады. Ұлттық спорт түрлерінен облыстық мектептің тәрбиеленушілері үздік нәтижелер көрсетіп отыр, биыл олар дәстүрлі садақ атудан бірінші республикалық чемпионаттың жүлдегерлері атанды, садақ атудан өткен Ел чемпионаттарында медаль жеңіп алды. Қараша айында Абай облысында алғаш рет аушы құстармен аң аулаудан Әлем чемпионаты өтті. Қарағанды өңірінің спортшысы Таңат Оспанқұлов алтын жүлдеге ие болды.

Үміт артып, ақжол тілейміз!

Жоғары жетістіктер спортына келетін болсақ, спортшыларымыз апта сайын әр түрлі спорт түрлерінен өтетін республикалық және халықаралық турнирлердің чемпиондары мен жүлдегерлері атанады. Биылғы жылы Қарағанды облысының өкілдері түрлі деңгейдегі 942 жарысқа қатысып, 12 185 медаль жеңіп алды, соның ішінде, 3 941-і алтын. Спорттық акробатикадан Әлем чемпионатының жүлдегері атанған Диль-Шулярдың жұбын, ескек есуден өткен Әлем чемпионатында Қарағанды облысының тарихында тұңғыш рет және Қазақстан тарихында екінші рет қола жүлдеге ие болған Виктор Степановты, бағут гимнастикасынан Әлем кубогын жеңіп алған Данил Мұсабаевты, үстел теннисінің жүлдызы, Қазақстан тарихында тұңғыш рет Әлем чемпионы және Азия чемпионатының жүлдегері, әлемдік рейтингте үздік атанған 15 жастағы Алан Құрманғалиевті атап өткім келеді.

Ауыр атлетикадан Артем Антропов, Любовь Ковальчук және Аиша Амарова тамаша нәтижелер көрсетті. Біз Pro Hockey League чемпионы атанған «Сарыарқа» хоккей командасымен мақтана аламыз.

Өйтсе де, біздің алдымызда ең маңызды мақсаттар тұр, ол – Азия ойындарына және 2024 жылы Парижде өтетін жазғы Олимпиадаға лицензия алу. Жетістіктер қорытындысы бойынша бізде төртжылдықтың басты жарыстарына қатысуға 28 үміткер бар. Чемпиондарымыз бар күш-жігерін салып, Олимпиадаға қатысады деп үміттенеміз. Мұнымен қоса, Қарағандыда заманауи медициналық техникамен жабдықталған дәрігерлік-дене шынықтыру диспансері ашылуда. Оның мамандарының спорттық үміткерлерімізді дайындауға көмектесетініне күмән жоқ...

Темірхан АБЫЛАЕВ,
облыстың
дене шынықтыру
және спорт басқармасының
басшысы

● ЕҢБЕК АДАМЫ

Кітап пен оқырман дәнекері

Біз табалдырығын аттаған кітапханаға қарапайым оқырманмен қоса, көру қабілеті бұзылған оқырмандар да барады. 4805 оқырманының 1760-ының көру қабілеті бұзылған. Олар сәуасқ ұшымен Брайль әліпбиі бойынша жазып, оқиды. Кітапхана қоры сондықтан да бедерлі-нүктелі басылымдарды, дыбыстық-бейнелік материалдарды, электронды құжаттарды ұсынып, пайдаланушылардың ақпараттық сұранысын өтейді. Мұндағы кейбір сөздер газеттің қарапайым оқырманына таныс емес, бұл жайлы кітапханашы Рахат Бұланбекова жақсы біледі.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Рахат Орынбекқызы 1990 жылы Қарағанды политехникалық институтына оқуға түсіп, инженер-құрылысшы мамандығы бойынша білім алған. Алайда, жасынан әдебиетке жақын жанды кітапханаға тағдырдың өзі алып келгендей. Алғаш кіргеннен, жанына жайлылық ұялатқан осы жер өзі үшін қасиетті мекенге айналды. Сөйтіп, ең алғашқы еңбек жолы 1996 жылы Абай атындағы облыстық балалар кітапханасында басталды. Кейін кітапхана саласында еңбек етіп жүріп, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің филология факультетін кітапханатану және библиография мамандығы бойынша үздік аяқтады.

Кітапханаға келген жас маманға сол саланың білікті мамандары бағыт-бағдар беріп, көп көмек көрсетті. Қанша жыл өтсе де, кітапханашы Рахат ұстаздарын ұмыт-

пай, тіпті, олардың атын атамай кетуді өзіне ар санады.

«Тәжірибелі әр кітапханашы маған шын ұстаз бола білді. Бұл қатарда Тамара Жәлелтайқызы, Баян Рамазанқызы, Римкеш Шаметқызы, Рәбиға Садыққызы бар. Әр жылдары жұмыс орным ауысқанда мені құшақ жая қарсы алып, білгенімен бөліскен Любомира Абрамова, Жанна Шаймұханбетова, Фаина Тимершина, Валентина Пак, Ирина Иссук, Күлназия Түсіпбекова секілді кітапханашылардың есімін ешқашан ұмытпаймын. Облыс кітапханаларын жетілдіруде зор еңбек сіңірген Фаина Тимершина сияқты білікті тұлғалардан мамандықтың қыр-сырын үйренгенім өміріме азық болды», – деп ағынан жарылды ол.

Рахат Бұланбекова қазір облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхананың тифлология



және ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімінде қызмет етуде.

Білікті маман Айнұр Шаймұханбетова басылық ететін кітапхананың қызметкерлері көру қабілеті бұзылған оқырман үшін Брайль жүйесі бойынша (зағиптар бедерлі-нүктелі қаріпті әліпби негізінде оқып, жазды) қазақ тіліндегі кітаптарды 2020 жылдан бері басып шығарады екен. Осы уақытта қазақстандық авторлардың 47 кітабы шығарылып, кітапхана қоры қазақ тіліндегі бедерлі-нүктелі қаріпті ба-

сылымдармен толыға түскен.

- Кітапханада әдістемелік-библиографиялық құралдарды шығарамыз, тифлология базасын толықтырамыз. Заман талабына сай құжаттарды цифрлаймыз, жылына мерзімді басылымдардағы 200 мақаланы электрондық сандық жүйеге енгіземіз, – дейді Рахат Орынбекқызы.

«Заман талабына сай әлеуметтік желілер бар. Көру қабілеті бұзылған оқырмандар үшін кітапхананың YouTube арнасын аштық. Олар ақпаратты тыңдау арқылы

қабылдайды. Сайтқа да, Instagram-ға да, YouTube-қа да бейнероликтерді, ақпараттарды ұдайы ұсынамыз», – деді ол.

Қоғамда кітапханашылардың жұмысы жеңіл деген қате түсінік қалыптасқан. Дегенмен кітапханашының міндеті – кітап тауып беру ғана емес екенін байқадық. Одан калды мерейтой іслеріне, ақын-жазушылардың көркем шығармаларын талдау бойынша түрлі іс-шаралар өткізетіні тағы бар. Кітап пен оқырман арасында дәнекер болып жүрген бұл мамандықтың да өзгелер секілді қиындығы мен қуанышы қатар жүреді.

Рахат Бұланбекованың ақындық қабілеті де бар. Өз ойын, жан сырын, арман-мұратын, сезімін өлеңмен жеткізеді. Өзін өлең өлкесіне баулыған Арқаның ақын қызы Жұлдыз Тойбекті ұстазым деп біледі. Жұлдыз Райымбекқызы жас ақынның аяқ алысын танып, кезінде «Орталық Қазақстан» газетіне тұңғыш өлеңдерін қариялаған. Арқаның ақынқ шыны Серік Ақсұнқарұлы батасын берген. Өлеңдері облыстық, республикалық басылымдарда жарық көрген. 2006 жылы жарыққа шыққан «Жас қаламгер» жинағына өлеңдері енген. Доскей Әлімбайұлының 150 жылдығына орай ұйымдастырылған облыстық жыр мұшәйрасында жүлделі 2 орын иеленген.

- «Кітапханашы әрқашан ізденісте болуы керек. Әлемдік тәжірибеден керегін алып, заман талабына сай лайықты жұмыс жасауы қажет» дейді кітапханашы.
- Біздің мемлекетімізде кітапхана ісі туралы заң да жоқ. Мемлекет кітапханашылардың мәртебесін көтерсе, жалақысын көбейтсе, қоғамдағы орнын айшықтаса екен, – деген талап-тілегін де жеткізді.

• ЖАҢА ЗАҢ

Төрт күндік жұмыс аптасы енгізіледі

2023 жылдан Қазақстанда төрт күндік жұмыс аптасы енгізіледі. Заң жобасын әзірлеушілердің айтуынша, бес күндік жұмыс кестесімен бір апта, төрт күндік жұмыс кестесімен екінші апталық жұмыс режимін қолдануға болады. Бұл тәжірибе қазірдің өзінде кеңсе қызметкерлеріне қолданыла бастады және халықаралық еңбек стандарттарына сай келеді.

Uchet.kz порталының мәліметінше, мұндай өзгерістер биылғы 6 қаңтарда ҚР Мәжілісінде енгізілген, Еңбек кодексіне толықтырулар енгізу жөніндегі халықты әлеуметтік қорғау мәселелері туралы заң жобасында қарастырылған.

Еңбек кодексіне сәйкес бес күндік немесе алты күндік жұмыс аптасы, сондай-ақ, толық емес жұмыс аптасы (ұзақтығы тараптардың келісімімен белгіленеді) қарастырылған.

Сонымен қатар, жекелеген өндірістерде әр түрлі аптада бір мезгілде бес күндік және төрт күндік жұмыс аптасын белгілеу қажеттілігі туындап жатады:

«Жұмыс уақыты» деген 71-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: «Еңбек шартында тараптардың келісімі бойынша жұмыс уақытын ауыстыру құқығымен бес күндік немесе алты күндік жұ-



мыс аптасымен кезектесе төрт күндік жұмыс аптасын белгілеуге жол беріледі»;

Осыған байланысты «Үстеме жұмыстардың ең көп саны» деген 78-баптың 2-тармағы бойынша төрт және бес күндік жұмыс аптасына бөлінеді: «2. Үстеме жұмыстың жалпы ұзақтығы – төрт күндік, бес күндік және алты күн-

дік жұмыс аптасында – айына он екі сағаттан, жұмыс уақытының жиынтық есебі белгіленген кезде – жылына 120 сағаттан аспауға тиіс».

Тиісінше, 84-бапта төрт күндік жұмыс кестесімен демалыс күндері белгіленген.

• САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

Жуырда Ұлттық ұланы 6505 әскери бөлімнің ішкі қарауыл қызметі кезінде бақылау құралдарының сақшысы бөгде адамның әскери бөлімнің маңында қарға бір нәрсе көміп жатқанын байқайды. Бұл туралы сарбаз бірден қарауыл бастығына баяндап, әскери бөлімнің қызметшілері қарағандылық 27 жастағы азаматты қолға түсірді.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Шұғыл тексеріс барысында тәртіп бұзушының қалтасынан ақ-көк түсті, өзіне тән иісі бар фальгаға оралған төрт бірдей зат және қарға көмілген дәл сондай үш зат табылды.

Сарбаз қырағылығы қылмысқа тосқауыл



– Менің қызметім – бөлімнің ішкі және сыртқы аумағын бақылау құралдары арқылы тексеру. Әскери бөлімнің маңына көлік тоқтап, ішінен белгісіз азамат шығып, бір заттарды қарға көміп жатқанын байқадым. Міндетіме сай, қарауыл бастығына баяндадым, – дейді қатардағы жауынгер Ердауіт Сарсенбай.

Оқиға орнына полиция қызметінің жедел-тексеру тобы шақырылып, тәртіп бұзушыны толығырақ тексеру үшін полиция бөліміне алып кетті.

• БІЛІМ ОРДАЛАРЫНДА

Кітапханадағы цифрлық технология

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің кітапханасы оқырманына қолжетімді ақпарат ұсынуда. Кітапхананың оқу үдерісінде сыртқы көздерден қажетті деректерді іздеу және алуда бай тәжірибесі бар. Цифрлық технологиялар тұрғысында Web of Science, Scopus, Researcherid, eLIBRARY веб-сайтындағы SCIENCE INDEX жүйесінде бөлім тың мүмкіндіктерге жол ашқан.



атқару болып табылады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ кітапханасында жыл сайын студенттердің рухани дамуына ықпал ететін мәдени-әлеуметтік өзін-өзі тануға тәрбиелейтін түрлі тақырыптық іс-шаралар өткізіледі. Кітапхана мамандары студенттерге ғылыми жұмыстарды жазу, ақпаратпен жұмыс істеу әдістері сияқты маңызды дағдыларды меңгеруге көмектеседі. Студенттердің оқу процесінде қандай бағдарламалық қамтамасыз ету көмектесетінін білуі және бейтаныс технологияларға жүгінуден қорықпағаны маңызды.

Қаңтардың алғашқы күндерінде «Қарағанды техникалық университетінде Факультет күні атты шара өтті. Осыған орай, мамандықтар бойынша және университет ұстаздарының ғылыми, оқу-әдістеме еңбектері қамтылған кітап көрмесін ұйымдастырылды.

• ҚЫЛМЫС

35 000 шөлмек ішімдік тәркіленді

Облыстық полиция департаментінің ұйымдаcқан қылмысқа қарсы күрес басқармасына белгілі бір адамдардың алкоголь өнімін есепке алу-бақылау маркаларын пайдаланып, ішімдік өнімдерін заңсыз сатумен айналысуы туралы ақпарат түскен. Одан бөлек, жауапкершілігі шектеулі серіктестердің бірінің тауар таңбасын заңсыз пайдаланған деп хабарлайды облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Полиция қызметкерлері арнайы мақсаттағы жасак қызметкерлері және экономикалық тергеу департаменті қызметкерлерімен бірлесіп қаладағы екі мекенжай-

ға тінту жүргізді. Нәтижесінде, 35 мың шөлмектен асатын контрафактілі алкогольдік өнім тәркіленді. Жүргізілген сараптама нәтижесі де тәркіленген өнімнің ішімдік екенін

• ЭКОЛОГИЯ

Құрылыс үшін «құрбан болды»

Қарағандыда жасыл желекке қатысты тағы да дау туыпты. Құрылыс алаңын дайындау үшін аумақтағы 40 түп қайың мен қарағай тамырымен қоса жұлынған. Құрылысшылар ағаштарды басқа жерге орналастыруды уәде еткенімен, оның аязды күні басқа топыраққа жерініп кетуі мүмкін емес те еді. Ағаштарды заңсыз және жөнсіз жұлған құрылыс компаниясы жауапқа тартылып, әкімшілік айыппұл төлейтін болды. Бұл туралы ekaqazanda ақпараттық порталы хабарлады.



Айгерім Ержанова.

Аудан әкімдігінің алдын ала есептеуі бойынша залал сомасы – 4 млн. теңгеге жуық. Полиция департаментінің мәліметінше, Қылмыстық кодекстің 340 бабы, яғни, «Ағаштарды заңсыз жою немесе зақымдау» бойынша қылмыстық іс қозғалған.

Қарағанды экомүзейінің даму жөніндегі директоры Дмитрий Калмыков «ағаштардың орны құрылыс алаңына айналып, қайың-қарағайлар азаюда» деп наразылық білдірді. Оған қоса құрылыс компаниялары ағаштарды жұлып тастағаны үшін жауапқа тартылмай, іс жабылып қала беретініне ашынаатынын айтты.

«Табиғатқа зақым келтіргендерді мемлекет жазасыз қалдырады. Олар әкімдік тарапынан ағаштарды бұзуға емес, тек құрылысты бастауға рұқсат алады. Полиция қозғаған қылмыстық іс те жабылып қалады», – деді Дмитрий Калмыков.

Экология белсенділерінің айтуынша, бұл екінші жайт. Біріншісі өткен жылдың маусымында болды. Сол кезде белсен-

ділер құрылыс компаниясы және әкімшілікпен бірігіп, барлық ағашты санап шыққан. Ағаштардың саны – 157.

«Жасыл желектерді қорғау заңнамалық бағытта жүргізілмей жатыр. Осы уақытқа дейін 65 млн. теңге жасыл желектер тізіліміне бөлінген. Қала бойынша барлық ағаш саналды. Нәтижесінде 1 млн. 850 мың тал бар екені белгілі болды.

Барлық база Қарағанды қаласының коммуналдық шаруашылық бөлімінде. Алайда, бұл базаны қандай да бір себептермен ешкім пайдалана алмайды», – деді қоғам қайраткері Жұмабай Искаков.

Еске сала кетейік, Қазақстанда жасыл-желектерді жойғандарға жаза күшейтілді. Ағаштарды заңсыз кескені үшін жарты миллион теңгеден астам айыппұл салу немесе 40 тәулікке дейін қамауға алу және мүлкікті тәркілеу жазалары қарастырылған.

Акерке БАЙБӘКІР, Е.Бөкетов атындағы ҚарУ-дың 4-курс студенті

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Жас ұрпақтың игілігі үшін

№18 жалпы орта білім беретін мектебіндегі қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі мұғалімдері ұлт тілін, дінін, мәдениетін, тарихын, салт-дәстүрін насихаттап, оны жас ұрпақтың игілігіне жарату мақсатында «Мәңгілік ел – мәртебелі тіл» атты айлық өткізді.

Айлық аясында оқушылардың жан-жақты ой-өрісін дамытып, білімге деген қызығушылығын арттыру мақсатында ашық сабақтар мен пікір-сайыстар, танымдық ойындар өтті. Сонымен қатар, Алаш автономиясына 105 жыл толуына орай, «Тәуелсіздік – Алаш ұрпағы» тақырыбында сыныптан тыс түрлі іс-шаралар өтті.

– «Гибрат» жобасы аясында



«Мен кім?» тақырыбында өткізілген танымдық сайыс қатысушылардың көңілінен шықты. Аталған шара соңына ұрпаққа өшпес із қалдырған өзін-өзі таныған тұлғалардан

гибрат алуға бағытталды. Сайысқа бастауыш, 7-10 сынып оқушылары мен мұғалімдер қатысты. Оқушылар ақын-жазушылар, ұлы ойшылар, олардың өмірі мен шығармашылығы

туралы мағлұматтарға қанықты.

Майра МЕДЕУБАЕВА, №18 ЖББ мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Электрондық пошта: ortalysk.kaz@mail.ru

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агро-өнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясы» ММ-нің ұжымы Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекция бөлімінің бас маманы Жұлдыз Майданқызы Бектұрсынға әкесі

Майдан БЕКТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№29

Қарағанды Шинсервис

ШИНАЛАР

Арнайы диллер «Алтайский шинный комбинат» ААҚ «Росава» ЖАҚ «Матадор» ЖАҚ

• жеңіл автокөліктер үшін

• жеңіл жүк көліктері үшін

• тракторлар және ауыл шаруашылық техникалары үшін

• арнайы техникалар үшін

ЕБ АРҒАН ШИНАЛАР

САТПАЙМЫЗ, ЕБ АРҒАН ШИНАЛАР

САТАМЫЗ

Қарағанды қ.қойма:Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1 тел. 8 707 80 35 800



● КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 220 ЖЫЛ

«Хан Кенедей ер қайда?»

Достық үйінде Кенесары Қасымұлының туғанына 220 жыл толуына орай «Хан Кенедей ер қайда?» атты жас жыршылар сайысы өтті. Олар Доскей жыраудың Кенесары дастаны мен Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» жырын жатқа оқып, көпшіліктің рухын көтерді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының туғанына 220 жыл толуына арналған көкпар өтті. Ал, оның сәл алдында велошабандоз, жиһангер жерлесіміз Ернат Мелсұлы «Астана-Қарағанды» велошеруін өткізіп, атаулы мерейтойды еске салып қойғаны тағы бар. Осы игі шаралардың жалғасы ретінде бұрнағы күні «Достық үйінде» Айтбай Жұмағұлов, Дидар Қами бастаған азаматтар бас болып, ұлтжанды кәсіпкерлердің демеу көрсетуімен «Хан Кенедей ер қайда?» атты жыршылар сайысы өтті. Иә, ханның мерейтойы былтыр еді. Өйтсе де, ұйымдастырушылар белгілі себептерге байланысты бұл шараны биыл өткізуді жөн көріпті.

– Былтыр жыл соңында түрлі шаралар қабаттасып қатар келіп қалды. Солардың көлеңкесінде қалып кетпесін деп биыл жыл басына ауыстыру туралы шешім қабылдадық. Сайысқа қатысуға отызға тарта жас өрен келіп отыр. Олар Доскей ақынның «Кенесары» дастаны мен Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» жырын жатқа оқып, сынға түсті. Жалпы қазақ үшін Кенесары ханның орны ерекше екені белгілі. Ел басынан бақ тайып, замана көшін басқа арнаға бұрған шақта азаттық жолында қол бастап, күреске түсті.

Қанша айтсақ та, ұлықтасақ та артық болмас еді. Өкінішке қарай, былтыр тиісті деңгейде аталмай қалды. Сондықтан, өз үлесімізді қосайық, өсіп келе жатқан жастарға Кенесары ерлігін насихаттайық деген мақсатта ұйымдастырып отырмыз, – дейді Айтбай Жұмағұлов.

Жыр додасының шымылдығын жыршы Мұхтар Тілегенұлы Доскейдің Кенесары дастанымен ашып берді. Әрі қарай кезек қатысушыларға берілді. Жасөспірімдер екі аталым бойынша бақ сынасты. Бірінші аталым – мәнерлеп оқу. Сахна төріне көтерілген балалардың өнерін бағалаған қазылар алқасы оларға жырдың әр жерінен үзінділер келтіріп, сынап отырды. Ал, екінші аталымның қатысушылары жырды домбыраның сүйемелдеуімен орындап, өнер көрсетті.

– Қазір балаға жыр жаттату қиын ғой. Қаншама беттік қисаны былай қойғанда, екі ауыз өлең жаттауды ауырсынатындар да бар. Десек те, осы сайысқа отызға тарта бала қатысуға ниет білдірген екен. Мұның өзі қуаныш, – дейді сайыстың қазылар алқасының мүшесі, ақын Дидар Қами.

Атап өткеніміздей, сайыс толықтай демеушілер қолдауы есебінен ұйымдастырылған. Бас жүлде алған өнерпазға бір тай берілді. Сондай-ақ, өзге қатысушыларға I, II, III орындардан бөлек Байғозы, Манаш, Ағыбай, Наурызбай батыр атындағы арнайы жүлделер берілді. Білім басқармасы тарапынан 5 балаға «Балдауренте» жолдама беріліп, барлық қатысушылар қомақты қаржылай сыйлыққа ие болды.

Байқауды ұйымдастырушылар осы арқылы ұлттық құндылықтарымызды, батырларымызды насихаттауды және жыр өнерін дамытуды мақсат тұтқан. Тағы бір атап өтерлігі, бұл мерейтойлық, бір жылдық қана шара емес. Алдағы уақытта жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіп тұру жоспарланған.

● ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Көп оқылған 10 кітап

«Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана». Бұл Қазақстанның Халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың сөзі. Шынығында адамзат жетістігінің бастауында кітап тұрғаны баршаға мәлім. Қазір де жетістікке жетудің кілті кітапта екені жиі айтылады. Тек цифрлы дәуірге сай электронды нұсқасының пайда болуы қағаз кітаптың сұранысына ықпал еткені анық. Десе де кітапханаға барып кітап оқитындар аз деп айту әбестік болар.

Қарағанды қаласындағы кітапханалар 2022 жылы ең көп оқылған 10 кітаптың тізімін жасаған екен. Бұл тізім кітапхананың ерекшелігі мен жас шамасына, мүмкіндігіне қарай оқырман талғамынан хабар береді.

Н.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапхана

С.Керімбай – «Бейсен және болмыс»
Қ.Жолдыбайұлы – «Кемел адам»
Д.Исабеков – «Қарғын»
Ә.Болтаева – «Мотивация психологиясы»
Т.Әбдік – «Парасат майданы»
Б.Бұқарбай – «Қарызсыз қазақ»
З.Ахметова – «Жетілік ұғым»
О.Памук – «Үнсіз үй»
Н.Хилл – «Ойлан да ауқатты бол»
С.Керімбай – «Өмірге ғашық болу»



Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы

Ә.Нұршайықов – «Махаббат қызық мол жылдар»
Б.Соқпақбаев – «Менің атым Қожа»
О.Жакуп – «Еркедай – комикс қазақ тілінде»
Б.Момышұлы – «Ұшқан ұя»
С.Мұратбеков – «Жабайы алма»
Жоан Роулинг – «Хэрри Поттер мен пәлсапа тас»
Руад Дәлл – «Чарли және шоколад фабрикасы»
Джефф Кинни – «Тентек балақайдың күнделігі: комиксті роман»
Рудольф Эрх Рашпе – «Мүнхаузеннің басынан кешкен хикаясы»
Стивен Кинг – «Сол»

Ж.Бектұров атындағы Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасы

М.Әуезов – «Абай жолы»
Д. Исабеков – «Шығармалар жинағы 2 т.»
К. Жұмаділов – «Дарабоз»
М.Мақатаев – «Өмір-өзен»
Ш.Мұртаза – «Ай мен Айша»
Д.Лондон – «Тектік сарын»
Ф.Купер – «Могиканның соңғы тұяғы»
Ш.Айтматов – «Ақ кеме»
Ж.Верн – «Он бес жасар капитан»
А.Бек – «Арпалыс»



Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхана

С. Әбілқасымұлы – «Оспан батыр»
Ә.Әбішев – «Бес томдық шығармалар жинағы»
О.Бөкей – Шығармалары
С.Досанов – «Аптаңың сегізінші күні»
Қ.Жиенбай – «Бөгет бұзылған күн»
К.Жұмаділов – «Дарабоз»
С.Жүнісов – Шығармалары
А.Құнанбайұлы – «Адам деген даңқым бар»
Б.Нұржекеұлы – «Қазақ батырлары»
Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер»

Дайындаған
Назым ДУТБАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Қарағандыдағы Әлихан Бөкейхан атындағы орта мектепте «XXI ғасыр – сауатты ұрпақ ғасыры» апталығының қорытынды кеші өтті. Онда мектеп ұстаздары «Алаштың Әлиханы» спектаклін сахналады. Қойылым авторы – мектеп директоры Айнұр Тұрғанбекқызы, режиссері – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Арайлым Жароллақызы. Іс-шараға Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрының режиссері, актер Бекмұхамед Киекбаев және ақындар Қайрат Асқар, Эльмира Сайлауқызы қатысты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қойылымға «Алаш» үкіметінің құрылуы мен Алаш арыстарының қуғын-сүргінге ұшырауы арқау болған. Әлихан ролін – дене шынықтыру пәні мұғалімі Аслан Түлеков, Ахметті – көркем еңбек пәні

Аманат арқалаған апталық



мұғалімі Жайық Болатұлы, Сталинді – тарих пәні мұғалімі Нұрлан Төлепбеков сомдады. Сонымен қатар, мұнда Халел Досмұхамедов, Әлиханның жары Лиза, қызы Елена, Смағұл Сәдуақасов сынды бірнеше

кейіпкер бар.

Қойылым туралы пікір айтқан режиссер Бекмұхамед Киекбаев кемшін түскен тұстарын дамытып, ұстаздарға әр ролді жеріне жеткізе ойнау қажеттігін айтты.

Өйткені, бұл қойылым облыстық деңгейде өтетін байқауға мектептің атынан қатысады.

– Апталық облыстық білім басқармасы, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың әдістемелік орталығы және қалалық білім бөлімі бекіткен жоспарға сәйкес өткізілді. Қойылымды қорытынды кешке әзірледік. Мақсатымыз – оқушыларға Әлихан бастаған Алаш арыстарының тұлғалық қасиетін насихаттай отырып, кәсіби режиссердің көзқарасын білу, қойылымды ширатпаса, – дейді мектеп директоры Айнұр Жаппарқұлова.

Қорытынды кеш соңы апталық аясында «Қаңтарда туған қаламгерлер» тақырыбындағы ақындармен кездесуге ұласты. Олар жырдан шашу шашып, оқушылардың сұрағына жауап берді.

Мектеп әкімшілігінің оқушылар мен ұстаздардың шығармашылығын дамытып, ата-аналардың белсенділігін арттыратын бірнеше кабинет ашып, білім беру ісін жандандыра түскенін атап өткен жөн.

● ХОККЕЙ

Отандастар плей-офф кезеңінде

АҚШ-та өтіп жатқан 2023 жылғы Универсиадада хоккейден Қазақстан жастар құрамасы топтық кезеңде АҚШ құрамасынан ұтылып қалды. Алайда, қарсыластарынан ұпай айырмашылығымен плей-офф кезеңіне жолдама алды.

Ойын басталысымен алғашқы айналымның бірінші минутында қарсыластар есеп ашты. Гол авторы – Мэттью Хайнволл. Бұл гол қазақстандықтардың ширауына сеп болды. Арада төрт минуттай болар-болмас біздің құраманың қарсылас қақпасына бағыттаған шайбасы деп тиіп таразы басы теңесті.



Бұл жолы Батырлан Мұратов мүдірмес мергендігімен көзге түсті. Айналымның соңғы минутында қарсылас ойыншысы Майкл Макхесни өзіне берілген мүмкіндікті мүлт жібермей, қара шайбаны қазақстандық қақпаға дәл бағыттады. Ал, ойынның 24-ші минутында тағы да Мэттью Хайнволл дубль атанып, командасын есепте алға шығарды. Осыдан соң небәрі 3-4 минут шамасында Куинн Грин біздің қақпаның осал тұсынан шайба өткізіп, есеп тақтасына 4:1-ді жарқ еткізді. АҚШ айласын асырды ақыры. Күтпеген жағдай болса да бұл жолғы қарсылас дайындығына сөз жоқ. Жалпы, топтық кезеңде 5 ойын өткізіп, қатарынан 4 мәрте жеңіске жеткен қазақстандықтар 12 ұпаймен топтық кезеңнен шықты.

Ал, ағылшындар топтық кезеңдегі соңғы ойынында Венгрия құрамасын 9:1 есебімен жеңіп, топтан көш бастап шықты.

● ТЕННИС

Әзірге сүрінген жоқ

Қазақстандық Елена Рыбакина ресейлік Анастасия Павлюченковамен жұптасқан сайыста «Australian Open-2023» теннис турнирінің басында украин-латвиялық Людмила Киченок пен Елена Остапенко дүзтін жеңді.



Матч 6:4 есебімен аяқталды. Алғашқы партия барысында Елена мен Анастасия 1:4 есебімен артта еді. Алайда, олар сайыс бағытын өзгерте алды. Алдағы екінші айналымда олар жаңа жұптармен, яғни Латиша Чанмен (қытайлық Табэйи)/Алекса Гуарачини (Чили) ойнайды.

Қазақстанның бірінші ракеткасы Анна Данилина жұптық разрядта Үндістан өкілі Сана Мирзамен бірге Австралия ашық чемпионатының екінші айналымына сәтті өтті. Үнді-қазақстандық дүэт Далма Галфиди (Вентрия)/Бернарда Пераны (АҚШ) 6:2, 7:5 есебімен жеңді. Келесі кезеңде Анна мен Санаға белгиялық Алисон Ван Эйтанк пен украиндық Ангелина Калинина қарсылас болмақ.

● БИАТЛОН

Ел абыройы асқақ

Төрткүл дүниені көк жәшікке телмірткен бүкіл Дүниежүзілік Қысқы Универсиада ойындарында Қазақстан абыройы тағы асқақтады. Жүлде қоржынымызға бір алтын, бір күміс, бір қола медаль түсті.

Дүбірлі долада ерлер арасындағы биатлоннан 10 шақырымдық спринтте отандасымыз Бекентай Тұрлыбеков қарсыластарын қапы қалдырып, алға шықты. Ол берілген жежені 27:51,5 минутта бағындырып, бас жүлдеге тігілген алтынды алды. Ал, АҚШ спортшысы Бьорн Вестервелт жарыс қашықтығын 27:59,8 минутта жүріп өтіп, күміс жүлдені қанағат тұтты. Сондай-ақ, 28:13,7 минутта мәреге үшінші болып келген тағы бір спортшымыз Александр Мухин универсиаданың қола жүлдегері атанды. Сонымен қатар, отандастарымыз Кирилл Бауэр мен Вадим Куралес төртінші және бесінші болып мәреге жетті. Қазақстан спортшылары осы қарқыннан танбаса әлі қысқы спорттан талай елдің мен деген спортшыларын басып озары сөзсіз.

Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА

Директордың орынбасары –

«Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы –

О.В. МЯГКИХ

Директордың орынбасары –

Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор –

Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары –

Н.С. ДҮТБАЙ

Интернет-редакция редакторы –

І.Д. МҰҚАЙ

Жауапты хатшы –

Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13
Темиртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD003131,
БИК KZJKBK2XK БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№8 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Салтанат ІЛИЯШ